

«БЕКІТІЛДІ»  
«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ  
Басқармасының шешімімен  
2019 жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_\_ хаттама

«МАҚҰЛДАНДЫ»  
«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС  
Басқармасының шешімімен  
2019 жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_\_ хаттама

**«Қазақтеңізкөлікфлоты» ұлттық теңіз кеме қатынасы компаниясы»  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің  
2018 жылғы**

## **ЖЫЛДЫҚ ЕСЕПТЕМЕСІ**

Ақтау қ., 2019 жыл

## МАЗМҰНЫ:

|       |   |    |
|-------|---|----|
| 1.    | ҚАДАҒАЛАУ КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ .....   | 3  |
| 2.    | БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ .....   | 3  |
| 3.    | КОМПАНИЯНЫҢ МИССИЯСЫ ЖӘНЕ ПАЙЫМДАУЫ.....  | 4  |
| 4.    | КОМПАНИЯНЫҢ МАҢЫЗДЫ ОҚИҒАЛАРЫ ЖӘНЕ ЖЕТІСТІКТЕРІ .....   | 5  |
| 5.    | КОМПАНИЯНЫҢ МАҚСАТТАРЫ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТҮРЛЕРІ .....  | 6  |
| 6.    | ҚҰҚЫҚТЫҚ ТАЛАПТАРЫ ЖӘНЕ ОНЫ РЕТТЕУ .....  | 7  |
| 7.    | КОМПАНИЯНЫҢ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІНІҢ<br>БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ .....   | 8  |
| 8.    | КОМПАНИЯНЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРЫ.....   | 12 |
| 9.    | КОМПАНИЯ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ .....   | 13 |
| 9.1.  | <i>Өндірістік бағдарламаның орындалуы .....</i>   | 13 |
| 9.2.  | <i>SWOT-талдау .....</i>  | 23 |
| 9.3.  | <i>Негізгі қаржы-экономикалық көрсеткіштердің орындалуы.....</i>  | 24 |
| 10.   | САЛАНЫ ДАМУ ТУРАЛЫ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ.....   | 25 |
| 11.   | КОМПАНИЯ ТӘУЕКЕЛІН БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ .....   | 26 |
| 12.   | КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ .....   | 27 |
| 12.1. | Басқару құрылымы .....  | 27 |
| 12.2. | Қадағалау Кеңесі.....   | 29 |
| 12.3. | Басқарма .....  | 32 |
| 12.4. | Тексеру комиссиясы (тексеруші) .....  | 33 |
| 13.   | КОМПАНИЯ МЕН ОНЫҢ ЕНШІЛЕС ЖӘНЕ ТӘУЕЛДІ<br>ҰЙЫМДАРЫНЫҢ МЕНШІК ҚҰРЫЛЫМЫ .....                                   | 34 |
| 14.   | БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУ .....   | 34 |
| 14.1. | <i>Сапа, қоршаған ортаны қорғау, еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі<br/>жүйесінің менеджменті .....</i> | 35 |
| 14.2. | <i>Қауіпсіздікті басқару жүйесі.....</i>  | 36 |
| 14.3. | <i>Кәсіби қауіпсіздік және еңбекті қорғау .....</i>   | 40 |
| 14.4. | <i>Қоршаған ортаны қорғау.....</i>  | 45 |
| 15.   | КАДРЛЫҚ, ЖАСТАР ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТ .....  | 49 |
| 15.1. | <i>Кадрлық саясат .....</i>   | 49 |
| 15.2. | <i>Кадрларды даярлау .....</i>  | 50 |
| 15.3. | <i>Жастар саясаты .....</i>   | 51 |
| 15.4. | <i>Әлеуметтік саясат.....</i>   | 52 |
| 18.   | АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ .....  | 53 |

## 1. «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС Қадағалау кеңесі Төрағасы Н.Н.Шмановтың үндеуі



### Қымбатты достар!

«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС (бұдан әрі – ҚТКФ) үшін өткен жыл мерейтой жылы болып атанды. Соңғы жылдарда еліміз ашық теңізге шығу мүмкіндігіне ие болмағанмен әлемдік мұнай тасымалы нарығында бәсекелес болуға жарамды екенін көрсетті. Серіктестермен жылдар бойы қалыптасқан тығыз байланыс компанияның қызметтер нарығында беделге ие болып отырғанын дәлеледі. Компанияның шығыстарды оңтайландыру арқылы тиімді тасымалға ұмтылысы клиенттеріміздің көңілінен шықты.

2018 жылы Қазақстан экономикасы ішкі табыс өнімінің 4,1 % өсімін көрсетті. Практика

жүзінде экономиканың бүкіл сегменттерінде, соның ішінде мұнай саласында оң көрсеткіштер қалыптасты. Экспорт көлемдері ұлғайды, атап айтқанда шет елдерге мұнай жеткізілімін жүргізу көлемдері артты. 2018 жылғы қорытындылар бойынша мұнай кен орындарында тұтастай өндіріс көлемдері ұлғайды. Нарықта қалыптасқан оңтайлы жағдайлар тиісінше сауда-саттық көрсеткіштерін жақсарту мүмкіндігін берді. Осы жұмыста «Қазақтеңізкөлікфлоты» компаниясының қосқан үлесі де аз емес болды. Өткен жылы компаниямен тасымалданған мұнай көлемі 7 077 мың тоннаны, соның ішінде – 4 339 мың тоннаны құрады.

2018 жыл ұлттық сауда флоты үшін сынақжылы болды. Өйткені ол «Теңізшевройл» Болашақ Кеңейту Жобасы шеңберінде зауыт құрылысы үшін шағын көлемді модульдерді тасып шығару бойынша қолға алынған жұмыстардан басталды. ҚТКФ өз алдына белгіленген көлемдерді мерзімінде орындай отырып, ел сенімін ақтады және бірегей тәжірибе жинады.

2018 жылғы маусымда «Қазақтеңізкөлікфлоты» компаниясы «Транскаспий халықаралық көлік маршруты» халықаралық қауымдастығы ЗТБ мүшесі болды. Қыркүйек айынан компания «Самұрық-Қазына» АҚ білікті жеткізушілері тізбесіне енгізілді.

Есеп беру кезеңін талдай отырып, Қадағалау кеңесі бизнес дамуында оң факторлардың сақталуына, негізгі көрсеткіштердің өсуіне баса назар аударды, ал бұл сайып келгенде компания құнын арттырмақ. Осы орайда «Қазақтеңізкөлікфлоты» компаниясының миссиясы толық көлемде іске асырылуда. Осы ретте қолға алынған жұмыстар айқындық негізде жүзеге асырылуда.

Қадағалау кеңесі компания қызметіне басқарушылық шешімдерге, ҚТКФ корпоративтік, стратегиялық, сыбайлас жемқорлыққа қарсы, әлеуметтік сияқты саясаттарын ұстануға айрықша назарын аудара отырып, қадағалау жүргізуді жалғастырды.

## 2. «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС Бас директоры (Басқарма Төрағасы) М.К.Ормановтың үндеуі



### Қымбатты достар!

ҚТКФ 2018 жылы 20 жылдық жұмысын қорытындылады. Компания осы кезең ішінде меншікті сауда және сервистік флотқа ие бола отырып, бәсекеге қабілетті халықаралық деңгейдегі тасымалдаушы ретінде танылды. Компания флот бірліктерінің санын ұлғайту бойынша жұмысты жалғастырды. Румыния мен Голландиядан су жаңа сүйреткіштер келді, олар өршіл «Теңізшевройл» Болашақ кеңейту Жобасына тартылды. Терендігі шектеулі Каспий теңізінде жүзуге арналған осындай кемелердің болуы компания қызметтерінің аясын кеңейту мүмкіндігін бермек. ҚТКФ кемелері басқа да ірі жобаларға да тартылды.

Компанияның жеке бағыты мұнайдың авариялық төгілуін жою бойынша қызметтерді ұсыну болып табылады. 2018 жылы «Жамбыл Петролуем» ЖШС үшін осы жұмыстарды орындауға Консорциумдық келісімге қол қойды. Осы кәсіпорынмен көктемде бағалау ұңғысының құрылысы мезгілінде кеме қызметтерін ұсыну шартына қол қойылды. Бұл компанияға жоғары сенім мен экипаждардың тиісті құзырлыққа ие болып отырғандығының айғағы.

Алдыңғы жылдың жазғы мезгілінен ұлттық тасымалдаушы ТМТМ қатысушы-елдеріндегі серіктестермен кеме атысаныс дамыту бойынша ауқымды жұмысты қолға алды.

Компания жұмысында бірде-бір авариялық жағдайлардың орын алу фактісінің болмағанын айта кеткен жөн, бұл флотымыз қамтамасыз ететін кеме қатынасы сенімділігі мен қауіпсіздігін растайды.

Теңізшілерге қамқорлық көрсету ҚТКФ әлеуметтік саясаттарының басым бөлігі. Ұжымды жұмысты орындау үшін бүкіл қажетті еңбек жағдайларымен қамтамасыз ете отырып, біз кадрлық жұмыс пен әлеуметтік жауапкершілікті одан әрі жетілдірудеміз. Бүгінде компания ардагерлерге, зейнет демалысына шыққан зейнеткерлерге, балалар үйінің тәрбиеленушілеріне және әлеуметтік қорғалмаған азаматтарға айрықша көңіл бөлуде. Өткен жылы ұжымның бастамышылығымен бірнеше қайырымдылық шаралар жүзеге асты.

2018 жылғы қыркүйекте Компанияның 20 жылдық мерейтойын мерекелеу аясында ҚТКФ атына компания серіктестері мен клиенттерінен көптеген алғыс тілектер айтылды, бұл отандық сауда тасымалдаушысына деген нық сенімді болу және оның өз бағытын дұрыс таңдағанын дәлелдей түсті. Осы ретте «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС Басқармасы атынан біздің акционеріміз – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (бұдан әрі – ҚМГ) көрсеткен қолдауы мен сенімі үшін ризашылығымды білдіремін. Сондай-ақ, ҚТКФ ұжымы мен экипаж мүшелеріне кәсіби деңгейі мен адал жұмысы үшін алғыс айтамын.

### **3. КОМПАНИЯНЫҢ МИССИЯСЫ ЖӘНЕ ПАЙЫМДАУЫ**

#### **Миссия:**

Каспий өңірі сияқты Каспий теңізінің акваториясынан тысқары суларда қауіпсіз, сенімді және тиімді теңіз тасымалын қамтамасыз ету үшін ұлттық теңіз сауда флоты мен сервистік флотты одан әрі дамыту.

#### **Пайымдауы:**

ҚТКФ – бүгінде жоғары тиімді, бәсекеге қабілетті, кеме қауіпсіздігінің неғұрлым жоғары халықаралық стандарттарына сәйкес келетін, халықаралық біріктірілген кеме компаниясы деп танылды.

### **4. КОМПАНИЯНЫҢ МАҢЫЗДЫ ОҚИҒАЛАРЫ МЕН ЖЕТІСТІКТЕРІ**

#### **Қаңтар**

2018 жылғы 03 қаңтарда ҚТКФ, «KMG Systems&Services» және «Кәсіби әскери авариялық-құтқару қызметі» РМК арасында «Жамбыл Петролеум» ЖШС үшін ZT-2 бағалау ұңғысы үшін 1, 2, 3 деңгейдегі мұнайдың авариялық төгілуін жою бойынша қызметтерді ұсынуға жасасқан Консорциум келісіміне келісім тараптары қол қойды.

ҚТКФ «Теңізшевройл» Болашақ Кеңейту Жобасын іске асыруға қатысуы шеңберінде 2018 жылғы 16 қаңтарда Румынияның Браил қаласында VARD кеме жасау зауытында «Sunkar» MSV 854 кемесінің кеме жасауы аяқталды.

#### **Наурыз**

Н.Н.Шмановтың төрағалық етуімен өткізілген ҚМГ Қадағалау кеңесінің 2018 жылғы 16 ақпандағы №02-18/ҚК хаттамасынан жасалған үзіндіге сәйкес ҚТКФ 2018 жылғы 01 наурыздан бастап 5 танкерді мерзімі 5 жылға бербоут-чартерге беруге «Sokar Logistics DMCC» компаниясымен жасасқан шартқа тараптар қол қойды.

2018 жылғы 03 наурызда «Жамбыл-Петролеум» ЖШС ZT-2 бағалау ұңғысының құрылысын салу мезгілінде қамтамасыз етуші кемелермен ұсынылатын қызметтерге шарт жасасты.

2018 жылғы 15 наурызда жобаны іске асыру шеңберінде жұмыстарды орындау үшін «Теңізшевройл» ЖШС «EMBA», «TALAS» сүйреткіштерін қабылдап алды.

«Barys» және «Berkut» кемелері БКЖ модульдерін тасымалдау бойынша қызметтерді ұсыну бойынша жұмыстарға тартылды.

2018 жылғы 15 наурызда Голландияда Damen Hardixveld кеме жасау және кеме жөндеу өндірісінде «IRGIZ» сүйреткішін қабылдап алу жүзеге асырылды.

#### **Мамыр**

2018 жылғы 21 мамырда «Sunkar» MSV 854 кемесінің соңғы жинақтау жұмыстарын жүргізу үшін Баку кеме жасау және кеме жөндеу өндірісіне жеткізілді.

ҚТКФ екі «Аққу» және «Лашын» баржаларын қосымша тартты, олар 2016 жылғы 16 мамырдан бастап «Теңізшевройл» ЖШС БКЖ модульдерін тасымалдау бойынша қызметтерді ұсыну бойынша жұмыстарға тартылды.

Осы баржаларды Жобаға ұсыну үшін ҚТКФ North Caspian Operating Company N.V. компаниясымен 18 ай мерзімге Жалға алу келісімін жасасты.

#### **Маусым**

2018 жылғы 01 маусымда Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің сауда алаңында «ҚТКФ-1» сүйреткіші сауда-саттыққа қойылды. 2018 жылғы 08 маусымда «Каспий Ақ желкен» ЖШС сатып алу-сату шарты жасасты.

2018 жылғы 06 маусымда ҚТКФ «Транскаспий халықаралық көлік маршруты» халықаралық қауымдастығы» ЗТБ мүше болуы туралы шарт жасасып, оған тараптар қол қойды.

2018 жылғы 29 маусымда «Теңізшевройл» ЖШС жобаны іске асыру шеңберіндегі жұмыстар үшін «IRGIZ» сүйреткішін қабылдап алды.

#### **Қыркүйек**

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасының шешімімен «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС Басқармасының өкілеттік ету және «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС Басқармасының мүшелерін қайта сайлау мерзімі айқындалды.

2018 жылғы 07 қыркүйекте «Теңізшевройл» ЖШС жобаны іске асыру шеңберіндегі жұмыстар үшін үшінші «Sunkar» MSV кемесін қабылдап алды.

21 қыркүйекте «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС – компанияның 20 жылдық мерейтойын атап өтті.

2018 жылғы 25 қыркүйекте «Қазақтеңізкөлікфлоты» ұлттық теңіз кеме қатынасы компаниясы «Самұрық-Қазына» АҚ білікті жеткізушілерінің тізбесіне енгізілді.

н 2018 жылғы 26 қыркүйекте КТҚС «Жамбыл» теңіз учаскесін игеру шеңберінде қамтамасыз етуші кемелер мен МАТЖ қызметтерін ұсыну бойынша жоба іске асырылды (оператор - «Жамбыл Петролеум» ЖШС).

#### **Қазан**

2018 жылғы 30 қазанда «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, «KMG Internatinal NV» және «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС арасында мұнай жеткізілімі мен тасымалына Негіздемелік келісім жасасты.

#### **Қараша**

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен М.К.Орманов «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС Бас директоры (Басқарма мүшесі) болып қайта сайланды.

### **5. КОМПАНИЯ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТТАРЫ ЖӘНЕ ТҮРЛЕРІ**

#### **Компания қызметінің түрлері:**

- жүктердің бүкіл түрлерін, шикі мұнай мен мұнай өнімдерін, басты жүктерді, контейнерлерді, жолаушыларды, жануарларды тасымалдау;
- мұнайды тасымалдау – Компания ұсынатын негізгі қызмет түрі. ҚТКФ өзінің негізгі компаниясы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ ұлттық компаниясы акционерлік қоғамының қолдауымен Каспий теңізінің акваториясында мұнайды танкерлермен тасымалдау қызметтерін ұсынады және Қара және Жерорта теңіздері арқылы мұнай жеткізілімін жүргізу мүмкіндігіне ие болады;
- сервистік флот қызметтерін ұсыну;
- кемелердің бүкіл түрлерінің, баржалардың, жүзетін доктардың және осы секілдінің, олардың қозғалтқыштары мен бөлшектерінің, қосалқы құрылғыларының және бөлшектерімен қоса жабдықтарының құрылысын салу, пайдалану, жөндеу, сатып алу, делдалдық қызметтерді ұсыну;
- кемелерді жалға беру (кемені жалдау, соның ішінде кемені экипажсыз жалдау), сондай-ақ кеме лизингі;
- бүкіл қойма, сақтау орындары, тоңазытқыш қондырғылары, ангарлар, жағалаулық тиеу-түсіру және басқадай жабдық түрлерінің құрылысын салу, пайдалану және сатып алу;

- отынның бүкіл түрлерін, майлау майларын, көмірді, газолинді және басқадай отын мен материал түрлерін сатып алу, сату;
- кеме жасау және кеме жөндеу өндірісінің құрылысы (кеме жасау және кеме жөндеу базалары), кеме жасау және кемелерді жөндеу;
- сүйрету жұмыстары;
- теңіз агентінің қызметтері;
- теңіз брокерінің қызметтері;
- стивидорлық және экспедиторлық қызметтер;
- кедендік, салық заңнамасы, теңіз тасымалы бойынша сараптама-импорттық операциялар бойынша кәсіби консалтинг;
- кеме жасау, кеме жөндеу базасының, кеме жасау және кеме жөндеу өндірісінің, жағалаулық құрылыстардың құрылысын салу жөніндегі жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу;
- кәсіби мамандарды және т.б. даярлау;
- ҚТКФ меншіктену құқығымен тиісті болатын жылжымайтын мүлік объектілерінде кеңсе орын-жайларын жалдау бойынша қызметтер;
- заңнамалық актілермен тыйым салынбаған, ҚТКФ мақсаттары мен міндеттеріне жауап беретін, ҚТКФ Жарғысымен көзделген өзге қызмет түрлерін жүзеге асыру.

## **6. ҚҰҚЫҚТЫҚ ТАЛАПТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ РЕТТЕУ**

Қазақстан Республикасы теңіз сауда флотының жұмысы елеулі деңгейде бүкіл тасымалдау процесіне қатысушылардың өзара қатынастарын, сондай-ақ сауда мақсатында теңізде жүзу саласында халықаралық ынтымақтастықты реттейтін нормативтік құқықтық базаны қалыптастыруға және оның үйлесімді болуына байланысты болды.

ҚТКФ өз қызметін жүзеге асыру кезінде мемлекетаралық шарттар мен келісімдерді, Қазақстан біріккен ІМО (Халықаралық теңіз ұйымы) Халықаралық конвенцияларын басшылыққа алды, атап айтқанда:

1. Халықаралық Теңіз Ұйымы туралы конвенция, 1948 жыл;
2. Жүк маркасы туралы халықаралық конвенция, 1966 жыл;
3. Кемелерді өлшеу жөніндегі халықаралық конвенция, 1969 жыл;
4. Теңізде кеме қақтығысынан сақтандыратын халықаралық ережелер туралы конвенция, 1972 жыл;
5. Кемелерден ластануды болдыртпау жөніндегі халықаралық конвенция, 1973 жыл;
6. Теңізде адам өмірін қорғау жөніндегі халықаралық конвенция, 1974 жыл;
7. Теңізшілерді даярлау, оларға диплом беру және вахта жүргізу туралы халықаралық конвенция, 1978 жыл;
8. Қауіпсіз контейнерлер жөніндегі халықаралық конвенция, 1972 жыл;
9. Мұнайдан ластанумен келтірілген залал үшін азаматтық жауапкершілік туралы халықаралық конвенция, 1969 жыл;
10. Теңіз кеме қатынасы қауіпсіздігіне қарсы бағытталған заңсыз актілерге қарсы күрес жүргізу туралы конвенция, 1988 жыл;

11. Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік конвенция (Тегеран, 2003 жылғы 3 қараша) – ратификацияланды;

12. «Жүктерді теңіз арқылы тасымалдау туралы» БҰҰ конвенциясы (1978 жылғы Гамбург ережесі) – ратификацияланды;

13. РФ Үкіметі және ҚР арасында теңіз көлігі саласындағы ынтымақтастық туралы келісім (Новосибирск қаласы, 2007 жылғы 4 қазан) – ратификацияланды;

14. Қазақстан Республикасы және Әзірбайжан Республикасы арасында Қазақстан Республикасы және Әзірбайжан Республикасы аумағынан Каспий теңізі арқылы мұнайды халықаралық нарыққа Баку-Тбилиси-Джейхан жүйесі арқылы тасымалдауға ықпалдасу және қолдау көрсету шарты (Алматы, 2006 жылғы 16 маусым);

15. Қазақстан Республикасының Үкіметі және Әзірбайжан Республикасының Үкіметі арасында сауда мақсатында теңізде жүзу кеме қатынасы саласындағы Ынтымақтастық келісімі (Алматы қаласы, 2011 жылғы 20 қазан);

16. Қазақстан Республикасының Үкіметі және Түрікменстан Үкіметі арасында теңіз көлігі саласындағы Ынтымақтастық келісімі (Астана қаласы, 2014 жылғы 29 қараша).

Орта мерзімді перспективада теңізде жүзу қауіпсіздігін, кемелердегі теңізшілердің әлеуметтік мәселелерін, табиғатты қорғау іс-шараларын және басқасын реттейтін бірқатар нормативтік актілерді әзірлеу міндеті белгіленіп отыр.

## **7. КОМПАНИЯ ҚЫЗМЕТІНІҢ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ**

### **7.1. Даму стратегиясы**

Қадағалау кеңесінің 2014 жылғы 25 қыркүйектегі хаттамалық шешімімен бекітілген ҚТКФ Стратегиясы оны тұрақты әрі сапалы дамытуға бағытталды.

ҚТКФ негізгі стратегиялық мақсаттарының бірі Жалғыз қатысушының талаптарын қанағаттандыратын көрсеткіш ретінде компания құнын барынша көбейту болып табылады.

Осы ретте, біз өзімізді ұлттық теңіз операторы ретінде мынадай тиімді қызметтердің жеткізушісі ретінде бағалаймыз:

- ✓ мұнай жүктерін Каспий теңізі арқылы тасымалдау;
- ✓ мұнай жүктерін ашық теңізде тасымалдау;
- ✓ теңіз мұнай жобаларына қызмет көрсету бойынша флот қызметтерін ұсыну;
- ✓ бүкіл жүк түрлерінің паромдық тасымалы.

Каспий теңізі мен ашық теңізде, Каспий теңізінің қазақстандық секторында ұлттық теңіз тасымалдаушысы ретінде ҚТКФ одан әрі дамуының оңтайлы факторларының бірі мыналар болып табылады:

- қазақстандық мұнайдың болжамды қорын 2022 жылға қарай 1,4 млрд тоннаға дейін, мұнай өндіруді жыл сайын – 35,4 млн тоннаға дейін ұлғайту; Теңіз мұнай кен орындарында мұнай өндірудің өсуі мұнайды Қазақстаннан халықаралық нарыққа, соның ішінде теңіз көлігі арқылы тасымалдау көлемдерінің елеулі өсуіне әкеліп соқтырады;

- жеке инфрақұрылымға ие болу: Каспийде Ақтау порты, Мидия портында мұнай терминалы және Қара теңізде Батуми порты, Румынияда МӨЗ; ҚМГ Трейдинг АГ қазақстандық шикі мұнайдың экспорты жөніндегі ұлттық оператордың болуы;



қазақстандық мұнайды әлемдік нарыққа «өндіру сәтінен түпкілікті тұтынушыға дейін» тасымалдауды ұйымдастыру;

- қолданыстағы теңіз мұнай жобалары бойынша жұмыстар көлемін орта және ұзақ мерзімді перспективада ұлғайту сервистік флот кемелерінің елеулі санына ие болуды қажет етеді;

- Қазақстан Республикасының халықаралық көлік дәліздерінің негізгі ауыстырып тиеу базасы ретінде лайықты орны (экспорттық және транзиттік әлеуеті);

- бірыңғай қазақстандық көліктік-логистикалық жүйені құру, оның міндеттерінің бірі жер бетіндегі көлік пен теңіз көлігін біріктіру және жүкжөнелтушілер үшін кешенді қызметтерді «бір терезе» және «бір келісім шарт» қағидатымен ұсыну болып табылады.

## **7.2. Компания қызметінің басым бағыттары мыналар болып табылады:**

### **1) мұнай жүктерін Каспий теңізі арқылы тасымалдау**

Каспий теңізі арқылы мұнай жүктерін тасымалдау секторында ҚТКФ стратегиясы Каспийде танкерлік флоттың жетекші операторларының бірі ретінде өз лайықты орнын қазақстандық мұнай жүктерінің экспорттық ағынын Ақтау порты арқылы тасымалдау үлесін 100 %-ға дейін арттыру арқылы бекемдеуге және қауіпсіз, сенімді және экономикалық тұрғыдан тиімді қызметтерді қамтамасыз етуге, мұнай жүктерін тасымалдау бойынша қызметтерді ұсынудан таза кірістерді ұлғайтуға бағытталмақ.

ҚТКФ өз алдына белгіленген мақсаттарға тиімді қол жеткізу үшін мына іс-шараларды жоспарлы жүзеге асыруға ниет білдірді:

- Ақтау-Махачкала маршруты бойынша мұнай тасымалдауды сақтап қалу (қалыптасқан ҚТКФ флотын тарту);

- мұнайды өндіру мен бөлудің болжамды теңгеріміне сәйкес Каспийдегі меншікті флотты пайдалануды қажеттігіне қарай оңтайландыру, мұнай өнімдерін тасымалдауға арналған мұнай танкерлерін қайта бағдарлау мүмкіндігін пысықтау;

- ірі жүкжөнелтушілердің (oil majors approvals) жоғары халықаралық талаптарына сәйкес болуы үшін мұнайды тасымалдау бойынша ұсынылатын қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін инновациялық технологияларды қолдану, заманауи техникалық шешімдерді қолданысқа енгізу және жауапты кадрлық пен әлеуметтік саясатты жүргізу есебінен арттыру;

- келешегі зор Қашаған кен орнынан мұнайды теңіз арқылы тасымалдау бойынша жобаларға негізгі серіктес ретінде қатысу;

- Жалғыз қатысушы мен ҚР Үкіметінің ұлттық теңіз флоты үшін пұрсаттылықтардың берілуі бойынша қолдауына ие болу;

- бизнес-бағытты дамыту үшін, соның ішінде интергациялық процестер жағдайында оңтайлы жағдайларды қалыптастыру мақсатында теңіз көлігі арқылы тасымалдау саласында ҚР сияқты Еуразиялық экономикалық аймағының (бұдан әрі БЭК) заңнамаларын жетілдіруге қатысу.

### **2) құйылмалы мұнай жүктерін ашық теңізде тасымалдау**

- Мұнай жүктерін ашық теңізде тасымалдау секторында ұлттық теңіз тасымалдаушысы ретінде ҚТКФ стратегиясы трансқаратеніз өңірінде өз

лайықты орнын бекемдеуге және меншікті ірі салмақты флот қуатын өсіру, қазақстандық мұнай жүктерін ашық теңізде қауіпсіз, сенімді және экономикалық тұрғыдан тиімді қызметтерді ұсыну арқылы тасымалдаудың жалпы көлеміне қатысуда жеке үлесін арттыруға, қазақстандық көмірсутекті шикізатты экспортқа шығарудан қосымша кірістерді алуға бағытталады;

➤ ҚТКФ алдында белгіленген мақсаттарға тиімді қол жеткізу үшін мына іс-шараларды жоспарлы жүзеге асыруға ниет білдірді:

➤ қазақстандық мұнайды әлемдік нарыққа тасымалдауды ұйымдастыру және «барлау – өндіру – тасымалдау – қайта өңдеу – жеткізу» ҚМГ көліктік дәлізіне толықтай қолжетімді болу арқылы «ҚазМұнайГаз» Компаниялар тобы үшін синергияға қатысу;

➤ қазақстандық мұнайды экспортқа шығару көлемдерінің жеткілікті болып, ұзақ мерзімді перспективада кемелерге және жүктерді тасымалдауға сұраныс болған жағдайда, ҚМГ бақылауында болатын компаниялар тобы сияқты Қазақстаннан экспортқа шығаратын басқадай жер пайдаланушыларының мұнайы мен мұнай өнімдерін кепілді көлемдермен тасымалдау үшін ірі көлемді танкерлердің кеме жасауын/оларды сатып алуды жүзеге асыру;

➤ қазақстандық мұнай экспортының өзгерістеріне және нарықтық конъюктураға тәуелді болмау мақсатында тысқары мұнай компанияларының жүктерін тасымалдауға қатысу және рентабельділік қамтамасыз етілген жағдайда тысқары мұнай компанияларының көлемдері үшін ірі көлемді танкерлердің кеме жасауын/оларды сатып алуды жүзеге асыру;

➤ халықаралық мұнай компанияларының (oil majors approvals) жоғары халықаралық талаптарына сәйкес болуы үшін мұнай тасымалдау бойынша ұсынылатын қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін заманауи техникалық шешімдерді қолданысқа енгізу және жауапты кадрлық және әлеуметтік саясатты жүргізу есебінен арттыру;

➤ ҚТКФ компаниясының мұнай/мұнай өнімдерін ашық теңізде тасымалдау бойынша жобаларға қатысуы мақсатында тәжірибелі халықаралық компаниямен стратегиялық серіктестестік құру;

➤ қазақстандық туды көтеріп жүзетін кемелердің ашық теңізге шығу мүмкіндігіне ие болуы мақсатында теңіз көлігі арқылы тасымалдау саласында Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіруге және реттеуге қатысу.

### **3) Теңіз мұнай жобаларына қызмет көрсету жөніндегі флот қызметтері**

Теңіз мұнай жобаларына қызмет көрсету жөніндегі флот қызметтері секторында ҚТКФ Стратегиясы Каспий теңізінің қазақстандық секторында кен орындарын игеру шеңберінде ұсынылатын бәсекеге қабілетті қызметтер аясын кеңейтуге және оның үлесін ұлғайтуға бағытталып отыр.

ҚТКФ өз алдына белгіленген мақсаттарға тиімді қол жеткізу үшін мына іс-шараларды жоспарлы жүзеге асыруға ниет білдірді:

➤ қызметтерді сенімді және сапалы ұсынудан нарықтағы жеке үлесін және жиынтық табысты ұлғайту мақсатында КТҚС оффшорлық жобалары үшін меншікті сервистік флотты құру арқылы ұсынылатын қызметтер аясын кеңейту;

➤ оффшорлық жобаларға қызмет көрсету бойынша флот қызметтерінің нарықтағы үлесін жеке флот қуатын өсіру есебінен арттыру;

➤ мамандандырылған сервистік флот кемелеріне жеткілікті сұраныс болған, сондай-ақ осы қызмет бағытының рентабельділігі расталған жағдайда олардың кеме жасауын/ сатып алынуын жүзеге асыру;

➤ Теңіз мұнай операцияларын қолдау флотын (бұдан әрі – ТМОҚФ) бәсекеге қабілеттігін арттыру және КТҚС мұнай-газ жобаларының операторлары үшін қызметтерді ұсыну үшін дамыту;

➤ ҚМГ қолдауына ие бола отырып, қызметтер тұтынушыларының саны сияқты құрамына қойылатын талаптарға сәйкес болатын кеме түрлерін уақтылы қатарға қосып, пайдалануға беру мақсатында ТМОҚФ және сервистік флотты дамыту бағдарламасын үйлестіру;

➤ ТМОҚФ ұсынатын қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін арттыру мақсатында ҚТКФ флотын OVID (OCIMF – Oil Companies International Marine Forum) халықаралық стандарттары бойынша сертификаттау жөніндегі бірқатар іс-шараларды өткізу;

➤ КТҚС теңіз мұнай кен орындарына қызмет көрсету бойынша жобаларда өзінің лайықты орнын күшейту;

➤ КТҚС теңіз көлігі қызметтерін ұсыну саласында ҚР заңнамасын жетілдіруге және реттеуге қатысу.

#### **4) Бүкіл жүк түрлерінің паромдық тасымалы**

Паромдық тасымалды жүзеге асыру секторындағы Стратегия мұнай нарығының конъюктурасы өзгерген жағдайда ҚТКФ тұрақтылығын қамтамасыз ететін ҚТКФ қызмет түрлерін әртараптандыруға, жаңа кірістер көзін құруға бағытталып отыр.

ҚТКФ өз алдына белгіленген мақсаттарға тиімді қол жеткізу үшін мына іс-шараларды жоспарлы жүзеге асыруға ниет білдірді:

➤ Жалғыз қатысушының және ҚР Үкіметінің қолдау көрсетуімен жеке қазақстандық флотты құру және оның паромдық тасымал нарығына шығуына бар күшін салу;

➤ осы қызмет бағыты рентабельді болған жағдайда тасымалдау көлемдерінің болуы кепілдігімен паромдық кемелердің кеме жасауын/сатып алынуын жүзеге асыру;

➤ паромдық тасымалда лайықты орнын бекемдеу, өйткені осы қызмет түрі теріс әсерін тигізетін мұнай нарығы конъюктурасының өзгерген жағдайында тұрақтылық қорын қамтамасыз етеді;

➤ қауіпті жүктерді тасымалдауды жүзеге асыру жағдайында ұсынылатын қызметтердің халықаралық сапа және қауіпсіздік стандарттарына сәйкес келуі;

➤ паромдық және контейнерлік жүктерді тасымалдау үшін қалыптасқан флот бірліктерін пайдалану;

➤ аралас тасымал және жүктер транзитінің операторы ретінде ҚР аумағы арқылы Транскаспий халықаралық көлік маршруты (ТХКМ) бойынша мультимодалды тасымалға қатысу.

## **8. КОМПАНИЯНЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРЫ**

**«Теңізшевройл» ЖШС Болашақ Кеңейту Жобасы үшін каспийлік жіктелімдегі баржалардың кеме жасауы.**

**Жоба мақсаты:** «Теңізшевройл» ЖШС Болашақ Кеңейту Жобасы шеңберінде Каспий теңізінде ірі көлемді модульдерді тасымалдау үшін 3 баржаның кеме жасауы.

### **2018 жылғы қорытындылар:**

✓ кемелердің кеме жасауы ҚТКФ өкілдерінің техникалық қадағалауымен жүзеге асырылды;

✓ 1-ші «Вагус» көпбейінді кемесінің кеме жасауы 2017 жылғы 10 тамызда аяқталды, Ресей Федерациясының ІСЖ-нан өтіп, Каспий теңізіне тасымалдануы үшін Gemak (Түркия) кеме жасау зауытында кеме борттарын кесу бойынша жұмыс жүргізіліп, кемемені Baku Shipyard (Әзірбайжан) құрастырылды, кеме 2018 жылғы наурызда қатарға қосылды;

✓ 2-ші «Berkut» көпбейінді кемесінің кеме жасауы 2017 жылғы 30 тамызда аяқталды, Ресей Федерациясының ІСЖ-нан өтіп, Каспий теңізіне тасымалдануы үшін Gemak (Түркия) кеме жасау зауытында кеме борттарын кесу бойынша жұмыс жүргізіліп, кемемені Baku Shipyard (Әзірбайжан) құрастырылды, кеме 2018 жылғы наурызда қатарға қосылды;

✓ 3-ші «Sunkar» көпбейінді кемесінің кеме жасауы 2018 жылғы 16 қаңтарда аяқталды, Ресей Федерациясының ІСЖ-нан өтіп, Каспий теңізіне тасымалдануы үшін Gemak (Түркия) кеме жасау зауытында кеме борттарын кесу бойынша жұмыс жүргізіліп, кемемені Baku Shipyard (Әзірбайжан) құрастырылды, кеме 2018 жылғы қыркүйекте қатарға қосылды.

### **Жоба бойынша 2018 жылы мынадай өзгерістер болды:**

✓ №4 Қосымша келісім *Баржаларды тасымалдауды, борттарды құрастырып жинауды жүзеге асыру, кедендік шығыстар;*

✓ №5 Қосымша келісім *Әзірбайжан Республикасындағы Baku Shipyard ҚҚС өтеу;*

✓ №6 Қосымша келісім *НСОС 2 баржасы «Аққу 1», «Лашын 2» мен «Симмар Сан» кемесін жалға алу;*

✓ №7 Қосымша келісім *Банктік деректемелердің өзгерістері.*

**«Теңізшевройл» ЖШС Болашақ Кеңейту Жобасы үшін 3 сүйреткіштің кеме жасауы.**

### **Жоба мақсаты:**

Прорва порты (ТШО БКЖ) аймағында Жүктерді тасымалдау маршрутында (ЖТМ) жүргізілетін жұмыстар үшін 3 сүйреткіштің кеме жасауы және оларды пайдалану.

### **2018 жылғы қорытындылар:**

✓ 1-сүйреткіш «EMBA» - кеме жасауы 2017 жылғы 15 қыркүйекте аяқталды, 2018 жылғы 15 наурызда пайдалануға берілді;

✓ 2-сүйреткіш «TALAS» - кеме жасауы 2017 жылғы 15 қыркүйекте аяқталды, 2018 жылғы 15 наурызда пайдалануға берілді;

✓ 3-сүйреткіш «IRGIZ» - 2018 жылғы 15 наурызда аяқталды, 2018 жылғы 29 маусымда пайдалануға берілді.

### Жоба бойынша 2018 жылы мынадай өзгерістер болды:

Сүйреткіштердің кеме жасауы Голландияда Damen Gorinchem кеме жасау және кеме жөндеу зауытында жүзеге асырылды. Алғашқы «EMBA» мен «TALAS» екі сүйреткішінің кеме жасауы белгіленген кеме жасау мерзімінен бұрын 2017 жылғы 15 қыркүйекте аяқталды. Үшінші «IRGIZ» сүйреткішінің кеме жасауы кеме жасау кестесіне сәйкес 2018 жылғы 15 наурызда аяқталды.

## 9. КОМПАНИЯ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ

### 9.1. Өндірістік бағдарламаның орындалуы

№1 кесте

| №          | Көрсеткіштер                                  | 2016         | 2017         |              | Осу қарқындылығы жылдар бойынша |             |
|------------|---|--------------|--------------|--------------|---------------------------------|-------------|
|            |   | Нақты        | Жоспар       | Нақты        | 5 = 4/3                         | 6 = 4/2     |
| A          | 1   | 2            | 3            | 4            | 5 = 4/3                         | 6 = 4/2     |
| <b>1</b>   | <b>Барлығы мұнай тасымалдау, соның ішінде</b> | <b>6 951</b> | <b>6 631</b> | <b>7 077</b> | <b>107%</b>                     | <b>102%</b> |
| <b>1.1</b> | <b>Каспий теңізі бойынша</b>                  | <b>2 480</b> | <b>2 311</b> | <b>2 738</b> | <b>118%</b>                     | <b>110%</b> |
| 1.1.1      | Ақтау-Махачкала бағыты бойынша                | 662          | 540          | 1 875        | 347%                            | 283%        |
| 1.1.2      | Ақтау-Баку бағыты бойынша                     | 234          | 0            | 0            | 0%                              | 0%          |
| 1.1.3      | Түрікменстан-Баку бағыты бойынша              | 137          | 1 771        | 0            | 0%                              | 0%          |
| 1.1.4      | Махачкала бағыты бойынша (Ю.Корчагин) - Баку  | 1 447        | 0            | 863          | 0%                              | 60%         |
| <b>1.2</b> | <b>Ашық теңіз бойынша</b>                     | <b>4 471</b> | <b>4 320</b> | <b>4 339</b> | <b>100%</b>                     | <b>97%</b>  |
| 1.2.1      | Қара теңіз бағыты бойынша                     | 3 024        | 2 880        | 1 861        | 65%                             | 62%         |
| 1.2.2      | Қара теңізінен тысқары                        | 1 447        | 1 440        | 2 478        | 172%                            | 171%        |

### Мұнай мен мұнай өнімдерін тасымалдау

«Қазақтеңізкөлікфлоты» Каспий өңірінде тасымалдаған мұнай көлемі **2 738 мың тонна** немесе құйылмалы жүктердің жоспарлы көрсеткішіне қатысты жалға алынған флот бірліктерінің есебімен 118 % (2 311 мың тонна) құрады.

ҚТКФ танкерлері мына екі теңіз терминалында тиелімді жүргізді:

- Ақтау порты;
- «Юрий Корчагин» ТТК.

### Ақтау порты

2018 жылғы қорытындылар бойынша Ақтау портында мұнайды ауыстырып тиеу көлемі 2 089 мың тоннаны құрады. Ақтау портынан ауыстырып тиелген мұнай көлемінде ҚТКФ үлесі **1 875 мың тонна** болды.

### Мұнайды Ақтау портынан тасымалдау

№2 Кесте



### **Ақтау портынан мұнай тасымалдауға тартылған кеме иелері:**

2018 жылы Ақтау портынан мұнай тасымалдауды ҚТКФ екі танкерлік флот бірліктері (меншікті және жалға алынған), «Әзірбайжан Каспий теңіз параходшылығы» ЖАҚ компаниясының танкерлері мен өзге кеме иелерінің танкерлері жүзеге асырды.

Соның ішінде олардың % үлесі:

- ҚТКФ (меншікті флот) – 36 %;
- ҚТКФ (жалға алынған флот) – 53 %;
- КАСПАР – 5 %
- Өзге кеме иелері - 6%.

### **Махачкала порты бағытында мұнай тасымалдау**

Ақтау портынан Махачкала порты бағытында тиелген жалпы мұнай көлемі **2055 мың тонна** болды, оның **1 874 мың тоннасы** немесе 89 %-ы ҚТКФ күшімен тасымалданды.

Өндірістік көрсеткішке сәйкес атқарушылық жоспар көрсеткіші 540 мың тоннаға қатысты 347 % құрады.

Ақтау-Махачкала маршруты бойынша тиелім көлемін ұлғайту үшін қосымша екі танкер «Абай» және «Қазақстан» жалға алынды. Осылайша, аталмыш желіде танкерлік флоттың мына үш бірлігі пайдаланылды: «ТК Ақтау», «Абай», «Қазақстан».

### **«Ю.Корчагин» ТТК - Баку портына тасымалдау**

Аталмыш бағытта ҚТКФ танкерлік флотының 5 бірлігі тартылды, тасымалданған мұнай көлемі 863 мың тонна болды.

2018 жылғы тамыздан бастап «Астана», «Алматы», «Ақтөбе», «Орал» мен «Атырау» танкерлерінің бербоут-чартерге берілуіне байланысты мұнай тасымалдау уақытша тоқтатылды.

**ҚТКФ және SOCAR LOGISTICS DMCC арасында бербоут-чартерге шарттарды жасасу.**

2018 жылғы қаңтарда танкерлерді мерзімі 3 жылға 1+1 ұзарту опционымен бербоут-чартерге беруге шарт жасасты.

Мамырдың 4-інен тамыздың 8-іне дейін кезеңде ҚТКФ танкерлік флотының 5 бірлік кемесі бербоут-чартерге берілді.

№4 Кесте

**Кемелерді ББЧ беру кестесі**

| <b>Атауы</b> | <b>Күні</b> |
|--------------|-------------|
| Орал         | 04.05.2018  |
| Астана       | 17.05.2018  |
| Ақтөбе       | 14.06.2018  |
| Алматы       | 05.07.2018  |
| Атырау       | 08.08.2018  |

*Анықтама: SOCAR – Әзірбайжан Республикасының 1992 жылы құрылған Мемлекеттік мұнай компаниясы. SOCAR компаниясының Әзірбайжан Республикасының аумағында қызметі теңіз бен құрлықта мұнай кен орындарын барлау, мұнай, газ, конденсат пен олардан алынған өнімдерді өңдеу және сатуға әзірлеу, пайдалану және тасымалдау болып табылады.*

*SOCAR Әзірбайжанда Шах-Дениз газконденсаттық кен орнын өңдеу жөніндегі консорциумда, Баку-Тбилиси мұнайқұбырында – 25 %, Азери-Чираг-Гюнешалиден мұнай өндіруде*

және тұтастай Әзірбайжан және Қара-Каспий өңірінде көптеген ірі жобаларда қатысу үлестері бар. Бүгінде SOCAR басқадай мына мемлекеттердің нарықтарында белсенді жұмыс жасауда: Грузияда АБҚ желісі, Супса Грузин мұнай терминалының құрылысын салуға инвестициялар, Түрікменстан және Ресей кен орындары мен терминалдарынан мұнай мен газ-конденсатты тасымалдау.

SOCAR компаниялары тобы ҚТКФ жалға алған 5 (бес) танкерді Каспий өңірінде – мұнайды Каспий теңізінің ресейлік бөлігінде орналасқан «Юрий Корчагин» ТТК (оператор – «Лукойл») кен орнынан тасып шығаруда кеңінен қолдануда.

### **Каспий өңірі бойынша қорытындылар**

Есепті кезеңде Каспий аймағында **2 738 мың тонна** мұнай тасымалданды немесе жоспарланған көрсеткішке (2,311 мың тонна) қатысты 118%.

### **Ашық теңіздердегі мұнай тасымалдау**

Қара және Жерорта теңіздерінде мұнай тасымалдаудың өндірістік көрсеткіштерін орындау 2018 жылдың қорытындысы бойынша 4 339 мың тоннаға немесе жоспарланған көрсеткішпен (4 320 мың тонна) салыстырғанда 100% құрады.

Жалпы көлемнің 3 211 мың тоннасы меншікті флотпен және 1,260 мың тоннасы жалданған кемелер арқылы тасымалданды.

Ашық теңіздерде тасымалданғаны:

- *Қара теңіздегі мұнай тасымалдау – 1 861 мың тонна;*

- *Жерорта теңізінде мұнай тасымалдау - 2 478 мың тонна.*

Қара теңіздегі тасымалдауды жоспарының орындалысы жоспарланған 2,880 мың тонна көрсеткішімен салыстырғанда 65%-ды құрады, ал Жерорта теңізі бағытындағы орындалысы жоспарланған 1440 мың тонна көрсеткіштің 172% құрады.

«KMG Trading AG» жүктерінің үлесі 3 987 мың тоннаны немесе тасымалданған жүктердің жалпы көлемінің 87% -ын құрады, ал «KMG Trading AG» Қара теңіздегі тасымалдаудағы үлесі 95% құрады.

Жалпы алғанда, Қара теңіз бассейндері мен Түрік бұғазындағы созылыңқы тұрақсыз ауа райына қарамастан, Петромидия мұнайөңдеу зауытының ЮРАЛС-тан басқа мұнай түрлеріне ауыстыруына қарамастан, флот 2017 жылмен салыстырғанда бәсеңдеу жұмыс істеді (салыстырмалы түрде 2017 жылы өндіріс жоспарының 103% -ы тасымалданды ).

2018 жылдың 30 қазанында «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ, «KMG International NV» және «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС арасында ашық теңіздерде мұнай жеткізу және тасымалдау туралы Негіздемелік келісім жасалды.

### **Теңіз операцияларын қолдау флоты жұмыстарының қорытындылары.**

Есеп беру жылында мына жұмыстар жүргізілді:

#### **1. «OMS Shipping» ЖШС**

- ҚТКФ 2018 жылы «Говсан порты (Әзірбайжан) – Түрікменбашы порты (Түрікменстан)» маршруты бойынша тас түрлерін палеттерде тасымалдауды жалғастырды. Тасымалданған тас түрлерінің көлемі 7 мың тонна болды.

«Есіл» сүйреткіші және «ҚМГ-3» баржасы тартылды.

- есеп беру жылында порты Баку порты (Әзірбайжан) – Түрікменбашы порты (Түрікменстан) маршруты бойынша теңіз операцияларын жүргізуге «ҚМГ-102» және «ҚМГ-106» екі баржаны бербоут-чартерге беруге шарт жасасты.

#### **4. GAP Insaat:**

Есеп беру жылының бастапқы айында теңіз операцияларына 5 баржа (ҚМГ-101,102,103,104,105) тартылды және есеп беру жылының соңғы айында «GAR Insaat» теңіз операцияларына жалға берілген 1 баржа (ҚМГ-101) Түрікменбашы портында пайдаланылуда.

#### **5. «ОМЕГА ЛТД» ЖШС:**

2018 дылғы 17 наурызда «Есіл» теңіз сүйреткіші сүңгуір жұмыстарын жүргізу үшін Баутин портында жұмылдыру және тарату талаптарымен тайм-чартерге берілді.

#### **6. «Жамбыл Петролеум» ЖШС.**

ҚТКФ іс-қимыл аймағында мұнайдың төгілуіне ден қою үшін «KMG Systems & Services» ЖШС консорциум құрды, ол төгілген мұнай мен мұнай өнімдерін жою үшін қажетті жабдыққа, аттестаттаудан өткен авариялық-құтқару құрамға ие бола отырып, төтенше жағдайларда теңіз бен жағалау аймағында авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізуге құқылы.

Кен орындарында оралымды жауапкершілік аймағында авариялық-құтқару кемелерінің тәулік бойы кезекшілігі ұйымдастырылды.

«Жамбыл Петролеум» жобасы шеңберінде мына 2 шарт жасасты:

- ҚТКФ бірінші шарт бойынша мына жабдықтаушы кемелерді берді: «Ocean tern», «Narwhal», «Irgiz», «Buek-7», «OMS-508»;
- ҚТКФ екінші шарт бойынша 1,2,3-деңгейде МАТЖ қызметтерін ұсынды, оларды іске асыру мақсатында «Иеволи Орандж» және «Жанна» кемелері жалға алынды.

Кемелерге осы учаскеде операцияларды жүргізу үшін бүкіл жұмыс кезеңінде уақытша каботажды жүзеге асыруға рұқсат берілді.

Жабдықтаушы кемелердің негізгі міндеттерінің бірі «ZT-2» барлау ұнғысында бұрғылау жұмыстары үшін палубалық және орамасыз жүктерді шектеусіз тасып шығару болды. Бұдан басқа Кеме Тапсырысшының көмекші және резервтік міндеттерді қосқанда Кеме үшін қажетті деп шешкен кез келген өзге міндетері үшін талап етілуі мүмкін.

Теңіз операциялары мейрам күндері қосқанда тәулік бойы негізде орындалды. Шарт бойынша қызметтерді ұсынған мезгілде Консорциум құрамындағы «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС және «KMG Systems & Services» ЖШС материалдық-техникалық жарақталуының жеткілікті деңгейін, тартылған персоналдың жоғары біліктілігін және уақтылы ден қою мен 1, 2, 3-деңгейде төгілген мұнайды жоюды қамтамасыз ету үшін тәжірибесі мол екенін көрсетті.

#### **7. ТШО БКЖ Болашақ Кеңейту Жобасы:**

Ағымдағы мәртебесі:

- “Barys, Berkut, Sunkar” MCV келісім шарттық мерзімде жұмылдырылды;
- Shoalbuster үлгісінде «Emba», «Talas», «Irgiz» 3 сүйреткішінің кеме жасауы 11 ай ішінде жүзеге асырылып, пайдалануға берілді;
- Кеме иесі «North Caspian Operating Company N.V.» болып табылатын «AKKU-1», «LASHIN-2» екі баржасы жалға алынды;
- Blue Water Shipping ҚТКФ жалға берілген Simmar Sun баржасын техникалық басқаруға берді;
- Есеп беру кезеңінде 28 модуль тасымалданды;
- Тасып шығарылған жүктердің жалпы көлемі 25 260 мың тонна болды;
- Салмағы 1900 тонналық модуль тасып шығарылды.



**БКЖ кемелерін жалға алудан түскен кірістер 12 ай ішінде:**

|                             |               |                 |                  |
|-----------------------------|---------------|-----------------|------------------|
| <b>MCV</b>                  | <b>Barys</b>  | <b>Berkut</b>   | <b>Sunkar</b>    |
| Кезең (тәулік)              | 278           | 261             | 116              |
| Кірістер (млн. АҚШ доллары) | 5,5           | 5,2             | 2,3              |
| <b>Shoalbuster</b>          | <b>Emba</b>   | <b>Talas</b>    | <b>Irgiz</b>     |
| Кезең (тәулік)              | 291           | 291             | 185              |
| Кірістер (млн. АҚШ доллары) | 2,1           | 2,1             | 1,9              |
| <b>Зафрахтованный флот</b>  | <b>AKKU-1</b> | <b>LASHIN-2</b> | <b>Simmarsun</b> |
| Кезең (тәулік)              | 198           | 198             | 59               |
| Кірістер (млн. АҚШ доллары) | 2,3           | 2,3             | 0,1              |

**Әзірбайжан Республикасында ТШО БКЖ шеңберінде жұмыстар**

ҚТКФ 2016 жылғы 28 шілдеде «Blue Water Shipping» (Дания) компаниясымен консорциум құрамында Каспий теңізі бойынша Болашақ Кеңейту Жобасы бойынша модульдерді тасымалдауға «Тенгизшевройл» ЖШС (ЖШС) келісім шарт жасасты. Келісім шарт сомасы 264 млн АҚШ долларын құрады.

ҚТКФ келісім шарт талаптары бойынша Румынияда «Vard Group» кеме жасау зауытында 3 кемелің кеме жасауын жүзеге асырды. Кемелер Румыниядағы кеме жасау зауытынан Қара теңізден Каспий теңізіне Ресей Федерациясының Волга-Дон кеме арнасы арқылы жеткізілді. 2 кеме 2017 жылдың соңғы айында жеткізіліп, 1 кеме 2018 жылғы көктемде жеткізілді. Кемелердің ені (21 метр) олардың арна бойынша өздігімен жүзіп өтуіне кедергі болғандықтан, кемелердің борттары Түркиядағы Gemak кемежайында уақытша кесіп алынды. Кемелер өздігімен жүзбейтін объект ретінде Каспий теңізінің Баку портына дейін сүйретіп жеткізілді.

ҚТКФ 2017-2018 жылдар аралығында кеме борттарын құрастырып-жинауды «Baku Shipyard» кеме жасау зауытында жүргізді.

2018 жылғы операциялық кезең ішінде кеме инспекциялары тұрақты негізде өткізілді.

Жоба шеңберінде өткізілген кеме инспекцияларының нәтижелері ҚТКФ теңізде жүзу қауіпсіздігі жөніндегі бүкіл әлемдік стандарттарға сәйкес келетіндігін көрсетті.

Blue Water Shipping Қауіпсіздікті Басқару Жүйесі ЖТМ сүйреткіштерінде жүргізген кеме инспекцияларының қорытындылары бойынша «TALAS», «EMBA» және «IRGIZ» кемелеріне Кемелі қауіпсіз басқару туралы куәлік мерзімі 5 жылға берілді.

2 вахта бойынша экипаждарда адам саны барлығы 102 адам, оның ішінде 3 MCV – 72 адам, 3 сүйреткіште – 30 адам болды.

2018 жылы ЖТМ сүйреткіштері мен баржаларда оқыс жағдайлардың алдын алу мақсатында ҚТКФ 3 қызметкері ІІФ курстарын (тренерлерге арналған қауіпсіздік мәдениеті жөніндегі тренинг), 34 қызметкер ІІФ курстарын (сүйреткіштер экипаждарының 24 мүшесі, жобалау тобының 10 қызметкері) оқып шықты, экипаждың 24 мүшесі үшін ELC курстары өткізілді.

Өткізілген техникалық инспекциялар барысында анықталған ақаулықтарды жою бойынша жедел шаралар алынды. Кепілдік міндеттемелер шеңберінде «Damen shipyards» кеме жасау зауытымен жұмыстар бірлесе орындалды.

## **Мұнайды ашық теңіздерде тасымалдау**

2018 жылғы қорытындылар бойынша Қара теңіз бен Жерорта теңізі порттарында өндірістік мұнай тасымалдау көрсеткіштерінің орындалуы 4 339 мың тонна немесе жоспарлы көрсеткішке қатысты 100 % (4 320 мың тонна) құрады.

Жалпы мұнай көлемінің 3 211 мың тоннасы меншікті флотпен және 1,260 мың тоннасы жалға алынған кемелермен тасып шығарылды.

Ашық теңіздерде:

- Қара теңізде мұнай тасымалы – 1 861 мың тонна;

- Жерорта теңізінде мұнай тасымалы - 2 478 мың тонна болды.

Қара теңізде тасымалдау бойынша жоспардың орындалуы 2 880 мың тонна жоспарлық көрсеткішке қатысты 65 % болса, Жерорта теңізі бағытында жоспардың орындалуы 1 440 мың тонна жоспарлық көрсеткішке қатысты 172 % болды.

ҚМГТ тасымалдаған жүк үлесі 3 897 мың тонна немесе тасып шығарылған жалпы жүк көлемінің 87 % құраса, ҚМГТ қара теңіз бойынша тасымалдау үлесі 95 % болды.

Қара теңіз бассейнінде және Түркия бұғазында ауа-райының тұрақсыз жағдайларына, сондай-ақ Метромидия мұнай өндіру зауыты ЮРАЛС басқадай бөлек мұнай түрлерін өндіріп бастауына қарамастан флот 2017 жылмен салыстырғанда тұтастай қарқынды жұмыс жасады (салыстырмалы түрде 2017 жылы өндірістік жоспар көлемінің 103 %-ы тасып шығарылды).

### **Өзге қызмет**

#### **Жеткізушілердің біліктілік іріктеуден өтуі**

1. Коммерциялық блок қызметкерлері «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ жеткізушілерінің алдын ала біліктілік іріктеуден (бұдан әрі АБІ) өту процесін ойдағыдай іске асырды.

ҚТКФ жыл басында АБІ өту бойынша процесті бастады, оның барысында «Самұрық-Қазына Келісімшарт» ЖШС (біліктілік орган) және «Бюро Веритас» ЖШС (аудиторлық ұйым) үшжақты шарт жасасты. ҚТКФ осы шарт шеңберінде қаржы және техникалық деректерді, флот және оның мүмкіндіктері туралы ақпаратты, рұқсат құжаттары мен менеджмент сертификаттарын берді, бұдан соң жылжымалы Техникалық аудит өткізіліп, оның қорытындылары бойынша ҚТКФ білікті жеткізуші мәртебесі берілді және ол 86 %-ға сәйкестігін растады, ал бұл оның қалған жеткізушілер арасында жоғары көрсеткіштердің біріне қол жеткізгенін көрсетті.

2. Коммерциялық блок қызметкерлері теңіз операторы «Норт Каспиан Оперейтинг Компани Н.В» жүргізген сатып алуларға қатысу мақсатында «Алаш» порталында жеткізушілердің біліктілік іріктеуден өту процесі іске асырылды.

*Анықтама үшін:*

*АЛАШ - бұл жеткізушілердің Қазақстанда «Теңішевройл» ЖШС, «Норт Каспиан Оперейтинг Компани Н.В» және «Карачаганак Петролеум Оперейтинг» сияқты мұнай-газ компаниялары-операторлары үшін «онлайн» режимінде деректер базасы.*

Осы процесс шеңберінде компания туралы заң, техникалық, кадрлық, бухгалтерлік мәлімет жолданды. Тиісті деңгейде пысықталып, бірнеше мәрте түзетулер енгізілгеннен кейін ҚТКФ білікті жеткізуші деңгейін белгілеу туралы 24.12.2018 жылғы №20103 сертификат берілді.

**«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС флотының құрамындағы өзгерістер**

**ҚТКФ флот құрамын 2017 жылға дейін 21 бірлік құрады, оның ішінде:**

Афрамекс үлгісінде «Алатау» және «Алтай» 2 мұнай танкері «Астана», «Алматы», «Ақтөбе», «Орал», «Атырау» және «ТК Ақтау» 6 мұнай танкері; «ТС Орал», «Тобыл», «Ертіс», «Есіл» және «ҚТКФ-1» 5 теңіз сүйреткіші; «ҚМГ-101,102,103,104,105,106,107,108» 8 баржа-алаңшалары.

2017 жылы ҚТКФ флот бірліктерінің саны Shoalbuster үлгісінде «EMBA» және «TALAS2 теңіз сүйреткішіне ұлғайды. Бұдан соң «IRGIZ» үшінші теңіз сүйреткіші қабылданды. Аталмыш сүйреткіштердің кеме жасауы Прорва арнасынан жүзіп өту жағдайында MCV кемелеріне ТШО БКЖ жобасы шеңберінде қолдау көрсету үшін арнайы жүзеге асырылды.

Кейіннен 2018 жылы «Baku Shipyard» кеме жасау және кеме жөндеу зауытында кемелердің борттары ойдағыдай құрастырылып-жиналғаннан кейін MCV үлгісінде алғашқы «Barys» кемесі (Module carrying vessel) қабылданып, бұдан соң ұқсас операцияларды жүргізгеннен кейін «Berkut» және «Sunkar» кемелері қабылданды.

Алайда, есеп беру кезеңінде алғашқы ҚТКФ активі «ҚТКФ-1» теңіз сүйреткіші сатып өткізілді. Сатып өткізу сомасы бағалау құны 28 929 000 (жиырма сегіз миллион тоғыз жүз жиырма тоғыз мың) теңге жағдайында 51 249 489 (елу бір миллион екі жүз қырық тоғыз мың төрт жүз сексен тоғыз) теңгені құрады. «ҚТКФ-1» активін «Каспий Ак-Желкен» ЖШС сатып алды.

Осылайша, бүгінде ҚТКФ флотын 26 бірлік құрады:

№5 Кесте

| №  | Атауы    | Үлгісі                   | Қызмет мәртебесі   |
|----|----------|--------------------------|--|
| 1  | Алтай    | «Афрамекс» мұнай танкері | «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мұнайын ашық теңіздерде тасымалдау                     |
| 2  | Алатау   | «Афрамекс» мұнай танкері | «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мұнайын ашық теңіздерде тасымалдау                     |
| 3  | Астана   | мұнай танкері            | белсенді емес  |
| 4  | Алматы   | мұнай танкері            | белсенді емес  |
| 5  | Ақтөбе   | мұнай танкері            | белсенді емес  |
| 6  | Атырау   | мұнай танкері            | белсенді емес  |
| 7  | Орал     | мұнай танкері            | белсенді емес  |
| 8  | ТК Ақтау | мұнай танкері            | Belvion Group Ltd мұнайын Ақтау порты-Махачкала порты бағытында тасымалдау |
| 9  | Есіл     | теңіз сүйреткіші         | белсенді емес  |
| 10 | Тобыл    | теңіз сүйреткіші         | белсенді емес  |
| 11 | Ертіс    | теңіз сүйреткіші         | белсенді емес  |
| 12 | ТС Орал  | теңіз сүйреткіші         | белсенді емес  |
| 13 | ҚМГ-101  | баржа-алаңша             | GAP Inshaat бербоут-чартерде Түрікменбашы порты                            |
| 14 | ҚМГ-102  | баржа- алаңша            | белсенді емес  |
| 15 | ҚМГ-103  | баржа- алаңша            | белсенді емес  |

|    |         |                                |                   |
|----|---------|--------------------------------|-------------------|
| 16 | ҚМГ-104 | баржа- алаңша                  | белсенді емес     |
| 17 | ҚМГ-105 | баржа- алаңша                  | белсенді емес     |
| 18 | ҚМГ-106 | баржа- алаңша                  | белсенді емес     |
| 19 | ҚМГ-107 | баржа- алаңша                  | белсенді емес     |
| 20 | ҚМГ-108 | баржа- алаңша                  | белсенді емес     |
| 21 | EMBA    | «Shoalbuster» теңіз сүйреткіші | ТШО БКЖ жобасында |
| 22 | TALAS   | «Shoalbuster» теңіз сүйреткіші | ТШО БКЖ жобасында |
| 23 | IRGIZ   | «Shoalbuster» теңіз сүйреткіші | ТШО БКЖ жобасында |
| 24 | Barys   | Module carrying vessel         | ТШО БКЖ жобасында |
| 25 | Berkut  | Module carrying vessel         | ТШО БКЖ жобасында |
| 26 | Sunkar  | Module carrying vessel         | ТШО БКЖ жобасында |

### Тұтынушының қанағаттанушылығы және тұтынушымен кері байланыс

Тұтынушылардың қанағаттанушылығы – ИСО 9001 негізгі қағидаттарының бірі болып табылады. Оны орындау тұтынушылардың қанағаттанушылығын анықтауды жорамалдайды, осы ретте тұтынушылардың қанағаттанушылығына қатысты деректерді жинауды және оларды талдауды әрбір кәсіпорын өз бетімен айқындайды.

ҚТКФ сапа менеджменті жүйесінің соңғы жылдардағы жұмысы барысында бірқатар нысандар өзектендіріліп, олар әрбір құрылымдық бөлімшенің қызметінде қолданылуда. Аталмыш нысандар сәйкестікке келтірілді және ҚТКФ.006 КСТ сәйкес тізбеге енгізілді.

Бөлімшелер басшыларының есептемелерінде берілген ақпарат бойынша тұтынушылар тарапынан ұсынылған қызметтер сапасына кінәрат-талап қою бойынша жұмыс тұрақты негізде жүргізіліп отырады, тұтынушылар тарапынан кінәрат-талаптар болған жағдайда, олар оралымды жойылды.

Флотты коммерциялық пайдалану қызметі клиенттердің ұсыныстары мен талаптарын талдау құралы ретінде Сауалнаманы қолданды.

Осы жұмыстар шеңберінде қызметтерді тұтынушылар (клиенттер) арасында сауалнама жүргізілді.

Сауалнама процесінде мына компаниялар оған қатысты:

- *Belvion Group LTD*
- «Волго-Балтик Логистик» ЖШС

Осы іс-шаралар ҚТКФ бойынша жүргізілетін бизнес-процестер тиімділігін бағалау мүмкіндігін берді.

Сауалдар тізіміне (Н.014.03 нысаны бойынша сауалнама) сәйкес ҚТКФ қызметтерін тұтынушылар үшін неғұрлым маңызды критерийлер айқында

### Критерийлердің маңыздылық деңгейін бағалау

№6 Кесте

| № | Негізгі факторы                             | Belvion Group LTD | «ОМЕГА ЛТД» ЖШС | Орташа |
|---|---|-------------------|-----------------|--------|
| 1 | Компанияның қызметтер нарығында танымалдығы | 10                | 10              | 10,00  |
| 2 | Компанияның іскерлік беделі                 | 10                | 10              | 10,00  |
| 3 | Ұсынылатын қызметтер сапасы                 | 10                | 10              | 10,00  |

|    |   |    |   |       |
|----|---|----|---|-------|
| 4  | Теңіз тасымалы (мұнай) нарығында жұмыс тәжірибесі   | 10 | Мұнай тасымалы бойынша өзара іс-қимыл болмады | 10,00 |
| 5  | Қызметтерді ұсыну мерзімдерінің сақталуы  | 10 | 10  | 10,00 |
| 6  | Менеджмент жүйесінің тиімділігі   | 10 | 9   | 9,5   |
| 7  | Клиенттермен жұмыс жасайтын қызметкерлердің құзырлығы   | 10 | 9   | 9,5   |
| 8  | Тиімді тарифтік саясат  | 10 | 10  | 10,00 |
| 9  | Нарықтағы өзгерістерге бейімделу  | 10 | 10  | 10,00 |
| 10 | Жүктердің қауіпсіз теңіз тасымалын жүзеге асыру үшін кемелердің материалдық-техникалық жарақталуы                             | 10 | 8   | 9,00  |
| 11 | Кемелердің техникалық менеджменті   | 10 | 8   | 9,00  |
| 12 | Теңіз тасымалын жүзеге асыру кезінде халықаралық конвенциялар (ХҚБК, SOLAS, MARPOL және т.б.) мен ұлттық нормалардың сақталуы | 10 | 10  | 10,00 |
| 13 | Мемлекеттік құрылымдарда мүдделік қолдау тетіктерінің болуы   | 10 | Уақиғалар орын алған жоқ                      | 10,00 |
| 14 | Қызметтердің кең аясын ұсынуға лицензиялар мен рұқсаттардың болуы   | 10 | 10  | 10,00 |
| 15 | Жеке меншік флоттың болуы   | 10 | 10  | 10,00 |
| 16 | Компания туралы ақпаратқа қолжетімділік   | 10 | 10  | 10,00 |

№6 Кесте бойынша деректерге сәйкес ҚТКФ клиенттері үшін ынтымақтастық пен қызметтерді ұсыну процесінде неғұрлым маңызды критерийлер ретінде Кестеде тізіп көрсетілген бүкіл факторлар болып табылады. Сауалнама нәтижелері бойынша мынадай нәтижелер алынды:

#### ҚТКФ клиенттерінің қанағаттану деңгейін бағалау

№7 Кесте

| № | Негізгі факторлар                                       | Belvion Group LTD | «ОМЕГА ЛТД» ЖШС | Орташа |
|---|---|-------------------|-----------------|--------|
| 1 | Компания теңіз тасымалы нарығында қаншалықты танымал?   | 5                 | 5               | 5.00   |
| 2 | Компанияның іскерлік беделін қаншалықты бағаладыңыз?    | 5                 | 5               | 5.00   |
| 3 | Ұсынылған қызметтер сапасын?                            | 5                 | 5               | 5.00   |
| 4 | Теңіз тасымалы нарығында жұмыс тәжірибесін?             | 5                 | 5               | 5.00   |
| 5 | Қызметтерді ұсыну мерзімінің сақталуын?                 | 5                 | 5               | 5.00   |
| 6 | Менеджмент жүйесінің тиімділігін?                       | 5                 | 5               | 5.00   |
| 7 | Клиенттермен жұмыс жасайтын қызметкерлердің құзырлығын? | 5                 | 5               | 5.00   |
| 8 | Компанияның тарифтік саясаты                            | 5                 | 5               | 5.00   |

|    |   |   |   |      |
|----|---|---|---|------|
|    | қаншалықты көңіліңізден шықты?  |   |   |      |
| 9  | Компания нарық өзгерістеріне қаншалықты шапшаң бейімделеді?   | 5 | 5 | 5.00 |
| 10 | Сіз компания кемелерінің жүктердің қауіпсіз теңіз тасымалын жүзеге асыру үшін материалдық-техникалық жарақталуын қалайша бағаладыңыз?           | 5 | 5 | 5.00 |
| 11 | Кемелердің техникалық менеджмент сапасына баға беріңіз  | 5 | 4 | 4,5  |
| 12 | Теңіз тасымалын жүзеге асыру кезінде халықаралық конвенциялар мен ұлттық нормалардың (ХҚБК, SOLAS, MARPOL және т.б.) сақталу тиімділігі қандай? | 5 | 5 | 5.00 |
| 13 | Мемлекеттік құрылымдарда мүдделік қолдау тетіктерін қолдану мүмкіндіктері қандай?   | 5 | 5 | 5.00 |
| 14 | Қызметтердің кең аясын ұсынуға лицензиялар мен рұқсаттардың болуы қажет пе?   | 5 | 5 | 5.00 |
| 15 | Компанияда жеке меншік флоттың болуына қандай баға бересіз?   | 5 | 5 | 5.00 |
| 16 | Компания туралы ақпаратқа қолжетімділік қандай?   | 5 | 5 | 5.00 |

№7 Кестеге сәйкес техникалық менеджмент қызметтері сапасын ұсыну сияқты критерий «үздік» деп бағаланды.

Теңіз тасымалы нарығында жұмыс тәжірибесі, клиенттермен жұмыс жасайтын қызметкерлердің құзырлығы, жүктердің қауіпсіз теңіз тасымалын жүзеге асыру үшін кемелердің материалдық-техникалық жарақталуы, кемелердің техникалық менеджменті, теңіз тасымалын жүзеге асыру кезінде халықаралық конвенциялар (ХҚБК, SOLAS, MARPOL және т.б.) мен ұлттық нормалардың сақталуы, мемлекеттік құрылымдарда мүдделік қолдау тетіктерін қолдану мүмкіндіктері сияқты қалған критерийлер «өте жақсы» деп бағаланды.

Қол жеткізген деңгейді күтіп ұстау үшін, сондай-ақ осы критерийлер бойынша процестерге ұдайы қарқынды сұранысты ескере отырып, күшейген қызметті жалғастыру және осы бағытта жұмыс жасау қажет болады.

**ҚТКФ 2018 жылы Бірыңғай экономикалық кеңістік (БЭК) шеңберіндегі жұмыстарға қатысуы:**

✓ ҚР, БР және РФ ішкі су жолдары бойынша кемелердің жүзу тәртібі мен талаптарын айқындайтын Кеме қатынасы шартының жобасын соңғы келісу бойынша жұмыстар өткізілді;

✓ «Үйлестірілген (келісілген) көлік саясатын іске асырудың негізгі бағыттары мен кезеңдері» құжатының жобасына су көлігі бөлігінде ұсыныстар жолданды;

✓ ЕЭК Су көлігі жөніндегі кіші комитетінің отырыстарына қатысты;

✓ ҚР және РФ, ҚР және ИРИ, ҚР және Түркмения арасында жасасқан Келісімдер шеңберінде теңіз көлігі саласында ынтымақтастық мәселелері бойынша қолға алынған жұмыстарға қатысты;

✓ ҚР және АР, ҚР және Румыния арасында МПК жұмыстарына қатысты;

✓ Ақтау портын табиғи монополиялар саласынан алып тастау, Ақтау порты қызметтерінің тарифтерін белгілеу мәселелері бойынша жұмыстарға қатысты;

✓ Теңіз көлігі кәсіпкерлері қауымдастығымен бірлесе отырып жұмыстарды жүргізді, тиісті жұмыс қолға алынды және «KazEnergy» Қазақстан мұнай-газ және энергетикалық кешен кәсіпорындары қауымдастығы» ЗТҚ, Ұлттық кәсіпкерлер палатасының, KAZLOGISTICS көлік қызметкерлері одағының жұмысына қатысты.

## **9.2. SWOT-талдау**

ҚТКФ алдағы уақытта стратегиялық дамуын және теңіз көлік қызметтерінің секторын айқындау үшін оның орта және ұзақ мерзімді келешегін есепке ала отырып, SWOT-талдау жүргізілді. Ол әлсіз тұстарды бәсеңдетуді және қатердің жағымсыз әсерін төмендетуді есепке ала отырып, басым тұстарды және қалыптасып отырған нарықтық мүмкіндіктерді барынша тиімді қолдану мүмкіндігін берді.

### **Басым тұстары:**

• «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, «KMG International NV» және «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС арасында мерзімі 10 жылға жасасқан мұнай жеткізілімі мен тасымалы туралы Негіздемелік келісімнің болуы;

• Каспийде және Ашық теңіздерде қазақстандық жүктерді тасымалдау көлемдерінің қалыптасуы;

• ҚР көліктік әлеуеті;

• ҚР экспорттық әлеуеті;

• Қазақстанның мына халықаралық көліктік дәліздерде геосаяси орналасуы: ТХКМ, ТРАСЕКА, Солтүстік-Оңтүстік, Солтүстік Еуропа-Солтүстік Қытай және басқасы;

• Кемелерді коммерциялық басқару тәжірибесі;

• мемлекеттердің порттары арасында еркін жүк тасымалын қамтамасыз ететін ҚР және барлық Каспий маңы елдері арасында халықаралық теңіз келісімдерінің болуы;

### **Әлсіз тұстары:**

• Ақтау порты арқылы мұнай тасымалдау көлемдерін азайту;

• мұнай бағасының төмендеуі салдарынан теңіз кен орындарын әзірлеу белсенділігінің төмендеуі;

• қызмет түрінен кірістердің аз түсуі;

• басқадай Каспий маңы елдерімен (АР, ИИР, Түрікмения) салыстырғанда ҚР Үкіметі тарапынан толыққанды қолдаудың болмауы;

• Ұлттық теңіз тасымалдаушы флоты үшін жеңілдіктер мен пұрсаттылықтардың болмауы;

• займ алудың төмен лимиттері салдарынан займ капиталына шектеулі қолжетімділік.

### **Мүмкіндіктері:**

• меншікті паромдық және контейнерлік флот бірліктерінің кеме жасауы және оны дамыту;

• ТХКМ қатысу үшін қалыптасқан флот бірліктерін контейнерлерді тасып шағыруға қайта жабдықтау;

• ашық теңіздерде қазақстандық флотты дамыту және халықаралық кеме компанияларымен танкерлік пұл қалыптастыру;

- ҚР ірі мұнай-газ жобалары үшін шағын көлемді жүктерді тасымалдауға қатысу;
- Кеме қатынасы туралы Келісімге қол қою – РФ ішкі су жолдары арқылы транзит рұқсатын алу мерзімін қысқарту;
- РФ мен ҚР арасында жүктерді тасымалдауға, сондай-ақ Қара теңізден Каспийге дейін жүк транзитіне қатысу;
- Ұлттық теңіз тасымалдаушы флоты бірліктерінің қуатын арттыру үшін жеңілдіктер мен пұрсаттылықтарға ие болу;
- Ұлттық флотпен қазақстандық жүктердің экспорт-импортын жүзеге асыру.

#### Қатерлері

- тасымалдаудың баламалы түрлерін дамыту;
- Каспий маңы елдері тасымалдаушылары кеме жалдау мөлшерлемесінің демпингі;
- Каспийде паромдық және контейнерлік тасымал бәсекелестігінің өсуі;
- басқадай мемлекеттер флотына көліктік тәуелділік;
- паромдық жүктерді теңіз арқылы тасымалдауға төмен сұраныс;
- отандық флотты дамытуға жеңілдіктер мен пұрсаттылықтарға ие болмау;
- Иранға қатысты халықаралық санкциялар.

### 9.3. Негізгі қаржы-экономикалық көрсеткіштердің орындалуы

№8 Кесте, млн теңге

| №        | Көрсеткіштер   | 2017              | 2018              |                   | Өсу қарқындылығы жыл бойынша |               |
|----------|--|-------------------|-------------------|-------------------|------------------------------|---------------|
|          |  | Нақты             | Жоспар            | Нақты             | 5-4/3                        | 6-4/2         |
| A        | 1  | 2                 | 3                 | 4                 | 5-4/3                        | 6-4/2         |
| <b>1</b> | <b>Кірістер, соның ішінде:</b>                                     | <b>23 831 996</b> | <b>31 237 830</b> | <b>44 561 738</b> | <b>143%</b>                  | <b>187%</b>   |
| 1.1      | Өнімді сатып өткізуден және қызметтерді көрсетуден түскен кірістер | 22 505 369        | 31 137 275        | 43 092 163        | 138%                         | 191%          |
| 1.2      | Қаржыландырудан түскен кірістер                                    | 52 342            | 32 695            | 45 609            | 139%                         | 87%           |
| 1.3      | Негізгі емес қызметтен түскен кірістер                             | 1 274 285         | 67 860            | 1 423 966         | 2098%                        | 112%          |
| <b>2</b> | <b>Шығыстар, соның ішінде:</b>                                     | <b>23 758 126</b> | <b>26 786 416</b> | <b>38 104 461</b> | <b>142%</b>                  | <b>160%</b>   |
| 2.1      | Өзіндік құны   | 19 642 026        | 22 554 985        | 29 153 476        | 129%                         | 148%          |
| 2.2      | Жалпы және әкімшілік шығыстар                                      | 2 290 607         | 2 896 048         | 3 155 087         | 109%                         | 138%          |
| 2.3      | Сатып өткізу бойынша шығыстар                                      | 40 116            | 64 793            | 193 760           | 299%                         | 483%          |
| 2.4      | Қаржыландыру шығыстары   | 1 137 876         | 1 206 419         | 2 134 001         | 177%                         | 188%          |
| 2.5      | Негізгі емес қызметтен болған шығыстар                             | 647 501           | 64 171            | 3 468 137         | 5405%                        | 536%          |
| <b>3</b> | <b>Салық салынғанға дейін табыс (шығындар)</b>                     | <b>73 870</b>     | <b>4 451 415</b>  | <b>6 457 277</b>  | <b>145%</b>                  | <b>8741%</b>  |
| 4        | КТС бойынша шығыстар   | 320 665           | 1 799 157         | 3 515 146         | 195%                         | 1096%         |
| <b>5</b> | <b>Жиынтық табыс</b>   | <b>-246 795</b>   | <b>2 652 257</b>  | <b>2 942 131</b>  | <b>111%</b>                  | <b>-1192%</b> |

#### ҚТКФ 2018 жылғы кірістері

ҚТКФ 2018 жылғы кірістері 44 561 738 мың теңгені, бұл жоспардың 143 %-ын құрады. Алдыңғы жылдың осыған ұқсас кезеңі бойынша кірістер 187 % құрады.

ҚТКФ 2018 жылы негізгі қызметінен түскен кірістер 43 092 163 мың теңгені құрады, бұл жоспарлы көрсеткіштің 138 %-ын құрады. Алдыңғы жылдың осыған ұқсас кезеңі бойынша кірістер 191 % құрады.



Есеп беру кезеңінде қаржыландырудан түскен кірістер 45 609 мың теңгені немесе жоспарлы көрсеткіштің 139 %-ын құрады.

Негізгі емес қызметтен түскен кірістер 1 423 966 мың теңгені құрады.

#### **ҚТКФ 2018 жылғы шығыстары**

ҚТКФ бойынша 2018 жылғы шығыстар 38 104 461 мың теңгені, бұл жоспарлы көрсеткіштің 142 %-ын құрады. Осыған ұқсас кезеңге қатысты шығыстар 160 % құрады.

ҚТКФ негізгі қызметі бойынша шығыстар 2018 жылы 29 153 476 мың теңгені немесе жоспарлы көрсеткіштің 129 %-ын құрады. Осыған ұқсас кезеңге қатысты шығыстар 148 % құрады.

2018 жыл бойынша жалпы және әкімшілік шығыстар 3 155 087 мың теңгені немесе 109 % құрады.

Сатып өткізу бойынша шығыстар жоспарланған 64 793 мың теңге жағдайында 193 760 мың теңгені немесе жоспардың 299 %-ын құрады.

Қаржы шығыстары 2 134 001 мың теңгені немесе жоспардың 177 %-ын құрады. Алдыңғы жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда шығыстар 188 % құрады.

Негізгі емес қызметті жүзеге асырудан шығыстар 3 468 137 мың теңгені құрады. 2018 жыл бойынша қорытынды табыс 2 942 131 мың теңгені немесе жоспардың 111 %-ын құрады.

#### **10. САЛАНЫ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ**

Саланы дамытудың негізгі перспективалары ішкі және сыртқы факторларды есепке ала отырып, ҚТКФ даму стратегиясына сәйкес бұрынғы деңгейде қалуда:

- Ақтау порты арқылы құйылмалы мұнай жүктерін тасымалдау кезінде Оңтүстік (Транскаспий) маршрутын сақтап қалу;

- Иран бағытында қалыптасқан своп-операцияларды қайта бастау;

- ҚТКФ кемелерінің РФ ішкі су жолдары арқылы бөгетсіз өтуі арқылы ҚТКФ бизнес географиялық аясын кеңейту;

- мұнайды әлемдік нарыққа тасымалдауды ұйымдастыру арқылы ҚМГ компаниялар тобының синергиясына қатысу;

- нарықтағы үлесін және қызметтерді сенімді және сапалы ұсынудан жиынтық табысты ұлғайту мақсатында ҚТКФ оффшорлық жобалар үшін меншікті сервистік флотты (қамтамасыз етуші кемелері, ЛАРН кемелері, авариялық-құтқару кемелері және т.б.) құру арқылы ҚТКФ ұсынатын қызметтер аясын кеңейту;

- мұнай өнімдерін, астықты, халық тұтыну тауарларын, сондай-ақ түрлі үйілген жүктерді экспортқа және импортқа шығарудың қосымша мүмкіндіктерін беретін жаңа көліктік-логистикалық жүйені дамыту мақсатында паромдық тасымалды жүзеге асыру;

Сондай-ақ, ҚТКФ Каспий мен ашық теңіздерде нарықтық конъюктураны ескере отырып, мына бағыттарда дамуды жоспарлайды:

- Атырау облысында Біріктірілген Газхимиялық Кешен (КРІ) құрылысы үшін ҚТКФ кемелерімен модульдерді тасымалдау;

- Транскаспий Халықаралық Көлік Маршруты (ТХКМ) бойынша контейнерлерді тасымалдау үшін МСV кемелерін жаңғырту;

• ҚМГ, ҚМГ-Интернейшнл және ҚТКФ арасында жеткізілім мен тасымалға жасасқан Негіздемелік келісімді іске асыру шеңберінде Ашық теңіздерде танкерлік пұл қалыптастыру.

## 11. КОМПАНИЯ ТӘУЕКЕЛІН БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС қызметі нақтылы жағдаяттарда Компанияның өндірістік пен қаржы нәтижелеріне, әлеуметтік және қоршаған ортасына теріс әсерін тигізуі мүмкін бірқатар тәуекелге байланысты болады. Ықтимал қатерлердің теріс әсерін азайту және жағымды жағдайларды іске асыру үшін Компанияда стратегияны іске асыруды қамтамасыз етуге бағытталған тәуекелді басқару жүйесі құрылды.

Тәуекелді басқару мына негізгі екі бағытта жүзеге асырылады:

- Тәуекелден сақтандыру және оны шектеу, оны қабылданғалы отырған шешім нұсқасына алдын ала сараптама жүргізу және тиісінше тәуекел деңгейлерін бағалау құрайды; тәуекелді әртараптандыру, бақылау жүйесін пысықтау және т.б.;

- Сақтандыру ұйымдарында тәуекелді сақтандыру жолымен залал өтемақысын көздейтін шығындарды өтеу.

Тәуекелді басқару әдістері мен оның басқару жолдарының тізбесін «Қазақтеңізкөлікфлоты» ұлттық теңіз кеме қатынасы компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Тәуекелді сәйкестендіру және бағалау, тәуекелді басқару әдістерін таңдау әдістемесі айқындайды.

Компанияда тәуекелді басқарудың мына кешенді әдістері мен жолдары қолданылады:

- Тәуекелді басқару бүкіл ұйымдық процестердің ажырамас бөлігі болып табылады: тәуекел-менеджмент негізгі қызмет түрлерінен және ұйымдастыру процестерінен жеке дара болмайды;

- Тәуекелді басқару шешімдерді қабылдау процесінің бір бөлігі болып табылады. Тәуекелді басқару шешім қабылдайтын адамдарға жеке таңдау жасауына, іс-әрекет артықшылығын айқындауға және баламалы нұсқалардан оңтайлы іс-әрекетті ажыратып алуға септігін тигізеді;

- Тәуекелді басқару ұдайы ұйымды жақсартуға ықпалдасады. Компания тәуекелді басқарудың кемеліне жету деңгейін арттыру үшін тәуекелді басқару жүйесін әзірлеп отырады;

- Компания тәуекел-бағдарланған корпоративтік мәдениетті құруға талпынады; Компания менеджменті ақпаратпен тиімді алмасу мүмкіндігін және тәуекелді корпоративтік басқару шеңберінде коммуникативтік нормаларды қолданысқа енгізуді қамтамасыз етеді.

Осы орайда ықтимал тәуекелдің нақты-жоспары және тәуекелді мейлінше азайту іс-шаралары тоқсан сайын әзірленеді. Жалғыз қатысушыға тәуекелді сәйкестендіру есептілігі («ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ) тоқсан сайын жолданып отырады.

### ҚТКФ бойынша 2018 жыл нәтижелері бойынша 1 тәуекел іске асырылды

№9 Кесте

| № | Наименование риска   | Краткое описание произошедшего рискованного события  | денежные потери (тыс.тенге) | временные потери (простой и т.д.) | физические потери (тонн, м³ и т.д.) | траммы (да/нет) | смертельные случаи (да/нет) | Краткое описание предпринятых мер (текстные мероприятия корректирующего воздействия)  |
|---|----------------------|--|-----------------------------|-----------------------------------|-------------------------------------|-----------------|-----------------------------|---|
| 1 | Поломка оборудования | Начал кормовой частью яхты «Нуртау» на причал базы отдыха «Три оф Лайф». Инцидент произошел 12.08.2018г. | 40 285                      | -                                 | -                                   | нет             | нет                         | Зафиксирован страховой случай. Проведено расследование. Материалы по страховому случаю направлены в ТОО "АОН Казахстана страховой брокер" и АО Дочерняя СК Народного банка Казахстана "Халық-Қазақиястрах). |

ҚТКФ 2018 жылғы қаржы-шаруашылық қызметіне тәуекелдің теріс әсерін мейлінше азайту бойынша мына іс-шаралар жүзеге асырылды:

1. «Самұрық-Қазына» қорының корпоративтік сақтандыру бағдарламасы шеңберінде 2018 жылы кемелер мен олардың тетіктерінің зақымдалуын ерікті сақтандыруға, су көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігіне, мүлікті (әкімшілік ғимарат) ерікті сақтандыруға шарттар жасасты.

2. Кірістерді азайту мен шығыстарды ұлғайту тәуекелі мына іс-шаралармен реттелді:

- Бюджетке түзетулерді енгізу;
- Басқадай қызметтер тұтынушыларын іздестіру;
- Кемелерді жалға беру;
- Өтімсіз мүлікті іске асыру.

3. ҚТКФ қызметтер тізбесін кеңейту үшін меншікті флот бірліктерін ұлғайту бойынша шаралар алынды.

Тәуекелді басқару жөніндегі маман тәуекелді басқару жүйесін жетілдіру бойынша ҚМГ ұйымдастырған тренингтер мен конференцияларға қатысты.

Кәсіпорынды басқарудың бір бөлігі ретінде тәуекелді басқару процесі жекелеген басшылардың қалаулары мен мақсаттарына байланысты болмайды. Тәуекелді басқару біріктірілген басқару жүйесіне (ББЖ) байланысты жүйені білдіреді және бүкіл кәсіпорынды басқару кезеңдерінде жүзеге асырылады.

#### **Ұсыныстар:**

Тәуекелді басқару жүйесі ҚМГ компаниялар тобының корпоративтік тәуекелді басқару жүйесі шеңберінде іске асырылып отырғанын және іркіліссіз процесс болып табылатындығын ескере отырып, Жалғыз қатысушының талаптарына сәйкес ҚТКФ тәуекелін басқару жөніндегі ішкі құжаттарды өзектендіру қажеттігі туындайды.

ҚТКФ бойынша тәуекелді басқару мәдениетін қызметкерлердің ықтимал тәуекелі мен шығындарды өз жауапкершілігі аймағында анықтау және олардың осыдан сақтандыру бойынша дағдыларын қоса алғанда, одан әрі дамыту қажет болады.

## **12. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ**

### **12.1. Басқару құрылымы**

ҚТКФ Жарғысының 7-бабына сәйкес ҚТКФ бойынша мына органдар көзделді:

1. жоғарғы орган – Жалғыз қатысушы;
2. бақылау-қадағалау органы – Қадағалау кеңесі;
3. алқалы атқарушы орган – Басқарма;
4. бақылаушы орган – Тексеру комиссиясы (Тексеруші) (қажеттігіне қарай Жалғыз қатысушының шешімі бойынша құрылады).

ҚТКФ Жарғысының 1-бабының 2-тармағына сәйкес ҚТКФ Жалғыз қатысушысы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ болып табылады.

**Қадағалау кеңесі** ҚТКФ Басқармасының қызметіне бақылауды жүзеге асыратын орган болып табылады және оның құрамы 3 (үш) мүшеден құрылады.

Қадағалау кеңесінің мүшелері Жалғыз қатысушымен 3 (үш) жылға сайланады. Қадағалау кеңесінің Төрағасын Жалғыз қатысушы Қадағалау кеңесіне сайланған мүшелер қатарынан тағайындайды.

«Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 57-бабының 4-тармағына сәйкес Қадағалау кеңесінің мүшесі болып тек қана жеке тұлға сайланады. Ол серіктестіктің атқарушы органына бір мезгілде мүше болып сайлана алмайды.

**Басқарма** атқарушы орган ретінде ҚТКФ істерін жүргізеді және оның ағымдағы қызметіне басшылық етеді. Атқарушы орган Жалғыз қатысушы және Қадағалау кеңесі алдында есеп береді және Жалғыз қатысушының және Қадағалау кеңесінің шешімдерін орындауды ұйымдастырады.

Басқарманы ҚТКФ Бас директоры (Басқарма төрағасы) басқарады.

Басқарма мүшесі өз міндеттерін орындау кезінде ҚТКФ мүдделігін таныта отырып, адал және парасатты әрекет етеді. ҚТКФ мүшесі тек қана жеке тұлға бола алады.

**Тексеру комиссиясы (тексеруші)** (қажеттігіне қарай Жалғыз қатысушының шешімі бойынша құрылады) бақылаушы орган ретінде ҚТКФ қаржы-шаруашылық қызметіне, сондай-ақ істерінің ағымдағы жай-күйіне бақылауды жүзеге асырады.

Тексеру комиссиясы (Тексеруші) ҚТКФ жылдық қаржы есептілігін міндетті түрде оны Жалғыз қатысушы бекіткенге дейін тексереді.

#### «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

2018 жылы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасы/Директорлар кеңесі деңгейінде ҚТКФ қызметі жөнінде әртүрлі шешімдер қабылданды.

#### ҚМГ Басқармасының шешімдері

№10 Кесте

| Хаттама              | Күні          | Мәселенің атауы   |
|----------------------|---------------|---|
| №13/2018<br>3-тармақ | 19.09.2018 ж. | «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ құны 20 000 000 (жиырма миллиард) теңге шегінен жоғары ірі мәмілені - «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, «KMG International N.V.», «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС арасында жеткізілім мен тасымал туралы Негіздемелік шарт жасасу туралы |
| №16/2018<br>9-тармақ | 24.11.2018 ж. | «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС Бас директорын (Басқарма төрағасын) тағайындау туралы   |

#### «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасының шешімдері:

№11 Кесте

| Хаттама                           | Күні        | Мәселе атауы   |
|-----------------------------------|-------------|--|
| №10<br>17-тармақ<br><br>18-тармақ | 26.03.2018ж | «Нәтижесінде құны «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасы белгілеген 8 000 000 000 (сегіз миллиард) теңгеден жоғары мүліктің сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы ықтимал мәмілені – «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС және «Bue Kazakhstan Limited» арасында техникалық басқару қызметтеріне жасасқан Келісімге №1 Қосымша келісімді жасасу туралы»<br>«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС жеке және шоғырландырылған жылдық қаржы есептіліктерін бекіту туралы» |
| №13<br>13-тармақ                  | 13.04.2018ж | «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ жасасуында мүдделік танытқан мәмілені – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және «Altai Shipping ltd.» компаниясы арасында кредит беруге жасасқан 2013 жылғы 13 қыркүйектегі Шартқа №2 Қосымша келісім және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және   |

|                                   |              |   |
|-----------------------------------|--------------|---|
|                                   |              | «Alatau Shipping ltd.» компаниясы арасында кредит беруге жасасқан 2013 жылғы 13 қыркүйектегі Шартқа №1 Қосымша келісім жасасу туралы»   |
| №18<br>6-тармақ                   | 17.05.2018ж. | «Нәтижесінде құны «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасы белгілеген 8 000 000 000 (сегіз миллиард) теңге шегінен жоғары мүліктің сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы ықтимал мәмілені – «Теңізшевройл» ЖШС, «Vue Kazakhstan Limited» және «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС арасында мердігерлік қызмет көрсетуге жасасқан Шартқа №5 Қосымша келісімді жасасу туралы»<br>«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС жеке және шоғырландырылған жылдық қаржы есептіліктерін бекіту туралы»   |
| №24<br>5-тармақ                   | 20.06.2018ж. | «ПрайсуотрехаусКуперс Такс энд Эдвайзори» және «SkyBridge Invest» АҚ құрамындағы тәуелсіз сарапшы – консорциум компаниясы ұсынған «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС 51% қатысу үлесін сатып өткізу әдісі туралы»  |
| №27<br>26-тармақ                  | 04.07.2018ж. | «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС, оның құрамында: Altai Shipping ltd., Alatau Shipping ltd., Kazmortransflot Ltd., Kazmortransflot UK Ltd» жарғылық капиталындағы 51 % қатысу үлесін шеттету және сатып өткізу талаптары туралы»   |
| №27<br>26-тармақ                  | 04.07.2018ж. | «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС Басқармасының өкілеттігін айқындау, «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС Бас директорын (Басқарма төрағасын) тағайындау және Басқарма мүшелерін сайлау туралы»   |
| №44<br>26-тармақ                  | 30.10.2018ж. | «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС нәтижесінде құны «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасы белгілеген 8 000 000 000 (сегіз миллиард) теңге шегінен жоғары мүліктің сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы ықтимал мәмілені – «Теңізшевройл» ЖШС, «Vue Kazakhstan Limited» ЖШС және «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС және арасында мердігерлік қызмет көрсетуге жасасқан Шартқа №6 Қосымша келісімді жасасуды келісу туралы»   |
| №48<br>19-тармақ                  | 23.11.2018ж. | «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС Дивиденттік саясатын бекіту туралы»   |
| №52<br>36-тармақ<br><br>37-тармақ | 20.12.2018ж. | «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС нәтижесінде құны «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасы белгілеген 8 000 000 000 (сегіз миллиард) теңге шегінен жоғары мүліктің сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы ықтимал мәмілені – «Теңізшевройл» ЖШС, «Vue Kazakhstan Limited» және «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС және арасында мердігерлік қызмет көрсетуге жасасқан Шартқа №7 Қосымша келісімді жасасуды келісу туралы»;<br>«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС нәтижесінде құны «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасы белгілеген 8 000 000 000 (сегіз миллиард) теңге шегінен жоғары мүліктің сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы ықтимал мәмілені – «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС және «БИЮИ Казахстан Лимитед» филиалы арасында техникалық басқару қызметтерін ұсыну Келісіміне №1 Қосымша келісімді жасасуды келісу туралы» |

## 12.2. Қадағалау кеңесі

«ҚТКФ» ЖШС Жарғысының 8-бабының 8.1-тармағының 8.1.8-тармақшасына сәйкес Қадағалау кеңесін сайлау, оның өкілеттік ету мерзімін айқындау және

өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату Жалғыз қатысушының айрықша құзыретіне жатады.

2018 жылы ҚТКФ Қадағалау кеңесінің құрамында мыналар болды:

№12 Кесте

|                              |                              |  |
|------------------------------|------------------------------|--|
| Қадағалау кеңесінің төрағасы | Нұртас Нұрибекұлы Шманов     | «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасы төрағасының мұнай тасымалдау жөніндегі орынбасары |
| Қадағалау кеңесінің мүшелері | Азамат Аспандиярұлы Жанғұлов | «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ маркетинг және сатып өткізу жөніндегі аға вице-президенті    |
|                              | Қазбек Әлімбайұлы Төлеуов    | «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ теңіз және жағалау инфрақұрылымы департаментінің директоры   |

2018 жыл бойынша ҚТКФ Қадағалау кеңесі деңгейінде мынадай шешімдер қабылданды:

№13 Кесте

| Хаттама    | Күні          | Мәселенің атауы  |
|------------|---------------|--|
| №01-18/ҚК  | 30.01.2018 ж. | 1) ҚТКФ Қадағалау кеңесінің хатшысын сайлау туралы;<br>ҚТКФ Қадағалау кеңесінің отырыстарды өткізу кестесімен қоса 2018 жылға арналған Жұмыс жоспарын бекіту туралы;<br>2) ҚТКФ 2016-2020 жылдарға арналған Бизнес-жоспарын бекіту туралы;<br>3) «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС ҚҚС қосқанда, 1 616 572 160 (бір миллиард алты жүз он алты миллион бес жүз жетпіс екі мың бір жүз алпыс) теңге сомасында мәмілені – 1 000 000 000 (бір миллиард) теңгелен жоғары, бірақ 8 000 000 000 (сегіз миллиард) теңгеден аспайтын сомада ZT-2 бағалау ұңғысының құрылысын салу мезгілінде қамтамасыз етуші кемелердің қызметтерін ұсынуға «Жамбыл Петролеум» ЖШС Шарт жасасу туралы» |
| №02-18/ ҚК | 16.02.2018 ж. | «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС жалпы сомасы 20 531 250 АҚШ долларына мәмілелерді - 1 000 000 000 (бір миллиард) теңгелен жоғары, бірақ 8 000 000 000 (сегіз миллиард) теңгеден аспайтын сомада «BAREKON 89» бербоут-чартер үлгілік нысаны талаптарымен «Socar Logistics DMCC» компаниясымен кемелерді жалға алудың №1, 2, 3, 4, 5 Шарттарын жасасу туралы»  |
| №03-18/ ҚК | 16.03.2018 ж. | «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС нәтижесінде құны «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасы белгілеген 8 000 000 000 (сегіз миллиард) теңге шегінен жоғары мүліктің сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы ықтимал мәмілені – «Теңізшевройл» ЖШС, «Vue Kazakhstan Limited» және «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС және арасында мердігерлік қызмет көрсетуге жасасқан Шартқа №7 Қосымша келісімді жасасу туралы»;  |
| №04-18/ ҚК | 12.04.2018 ж. | «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС мәмілелерді - «BAREKON 89» бербоут-чартер үлгілік нысаны талаптарымен «Socar Logistics DMCC» компаниясымен кемелерді жалға алудың №1, 2, 3, 4, 5 Шарттарын жасасу туралы»  |

|            |               |   |
|------------|---------------|---|
| №05-18/ ҚК | 14.05.2018 ж. | <p>1) «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС хатшысын сайлау туралы;</p> <p>2) «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС 2017 жылғы жылдық есептемесін бекіту туралы;</p> <p>3) «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС мәмілені – «Теңізшевройл» ЖШС, «Vue Kazakhstan Limited» және «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС және арасында мердігерлік қызмет көрсетуге жасасқан Шартқа 2 248 399 (екі миллион екі жүз қырық сегіз мың үш жүз тоқсан тоғыз АҚШ доллары 08 центке №5 Қосымша келісімді жасасу туралы); «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС мәмілелерді – «Al Hilal» Ислам Банк» АҚ жасасқан 2017 жылғы 04 шілдедегі Иджара Muwsufa Fi Thima келісіміне №2 Қосымша келісімді және 2017 жылғы 04 шілдедегі Агенттік келісімге №2 Қосымша келісімді жасасу туралы»</p> |
| №07-18/ ҚК | 28.06.2018 ж. | <p>1) «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС 2018 жылға арналған Корпоративтік негізгі қызмет көрсеткіштерін және олардың мақсатты мәндерін бекіту туралы;</p> <p>2) «Alatau Shipping Ltd» 2017 жылға арналған жылдық қаржы есептілігін бекіту туралы;</p> <p>3) «Altai Shipping Ltd» 2017 жылға арналған жылдық қаржы есептілігін бекіту туралы;</p> <p>4) «KAZMORTTRANSFLOT LTD» 2017 жылға арналған жылдық қаржы есептілігін бекіту туралы;</p> <p>5) «Kazmortransflot UK Ltd» 2017 жылға арналған жылдық қаржы есептілігін бекіту туралы;</p>  |
| №08-18/ ҚК | 12.07.2018 ж. | «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС 2017 жылғы корпоративтік негізгі қызмет көрсеткіштерінің қорытынды нәтижелілігін бекіту туралы;   |
| №09-18/ ҚК | 13.08.2018 ж. | <p>1) Серіктестіктің 2018 жылға арналған басшы қызметкерлері үшін негізгі қызмет көрсеткіштерінің карталарын және олардың мақсатты мәндерін бекіту туралы;</p> <p>2) «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС Қадағалау кеңесі бекітетін «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС Ішкі құжаттар тізбесін бекіту туралы;</p>   |
| №10-18/ ҚК | 24.09.2018 ж. | <p>1) «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС нәтижесінде құны 8 000 000 000 (сегіз миллиард) теңгеден жоғары мүліктің сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы ықтимал мәмілені – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, «KMG International N.V.» және «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС арасында жеткізілім және тасымал туралы Негіздемелік келісімді жасасуы туралы;</p> <p>2) «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС басшы қызметкерлерінің 2017 жылға арналған негізгі қызмет көрсеткіштері карталарының қорытынды нәтижелілігін бекіту туралы;</p> <p>«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС басшы қызметкерлеріне 2017 жыл бойынша сыяқыны төлеу/төлемеу туралы шешім қабылдау туралы»;</p>   |
| №11-18/ ҚК | 04.01.2018 ж. | «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС үшін аудиторлық ұйымды таңдау жөніндегі Комиссияны бекіту туралы»   |
| №12-18/ ҚК | 26.10.2018 ж. | «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС нәтижесінде құны «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасы белгілеген 8 000 000 000 (сегіз миллиард) теңге шегінен жоғары мүліктің сатып алынуы  |

|            |               |  |
|------------|---------------|--|
|            |               | немесе иеліктен шығарылуы ықтимал мәмілені – «Теңізшевройл» ЖШС, «Vue Kazakhstan Limited» және «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС және арасында мердігерлік қызмет көрсетуге жасасқан Шартқа №6 Қосымша келісімді жасасуы туралы»;  |
| №13-18/ ҚК | 13.12.2018 ж. | «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС 2019-2023 жылдарға арналған Бизнес-жоспарын бекіту туралы»   |
| №14-18/ ҚК | 21.12.2018 ж. | 1) «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС нәтижесінде құны 8 000 000 000 (сегіз миллиард) теңгеден жоғары мүліктің сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы ықтимал мәмілені - Теңізшевройл» ЖШС, «Vue Kazakhstan Limited» және «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС және арасында мердігерлік қызмет көрсетуге жасасқан Шартқа №7 Қосымша келісімді жасасуы туралы»;<br>2) «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС нәтижесінде құны 8 000 000 000 (сегіз миллиард) теңгеден жоғары мүліктің сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы ықтимал мәмілені - «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС және «БИЮИ Казахстан Лимитед» филиалы арасында техникалық басқару қызметтерін ұсыну Келісіміне №1 Қосымша келісімді жасасуы туралы» |

### 12.3. Басқарма

Басқарма – ҚТКФ ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асыратын алқалы атқарушы орган.

Басқарма қызметінің негізін ҚМГ тұлғасында Жалғыз қатысушының мүддесін барынша сақтау қағидаты құрайды және ол оның шешімдері және ҚТКФ Қадағалау кеңесінің шешімдері бойынша толықтай есеп береді. 2018 жылы ҚТКФ Басқармасы мүшелерінің құрамында мынадай өзгерістер болды:

- ҚМГ Басқармасының 14.09.2018 жылғы шешімімен (№36 хаттаманың 16-тармағы) ҚТКФ Басқармасының өкілеттік мерзімін 2018 жылғы 21 қазаннан - 3 (үш) жылға айқындау туралы шешім қабылданды;

- ҚТКФ Бас директоры (Басқарма төрағасы) болып «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасымен келісілген жағдайда Марат Көшкінбайұлы Ормановты 2018 жылғы 21 қазаннан бастап ҚТКФ Басқармасы үшін тұтастай белгіленген өкілеттік мерзіміне тағайындау мақұлданды;

- ҚТКФ Басқармасының мүшелері болып 2018 жылғы 21 қазаннан бастап ҚТКФ Басқармасы үшін тұтастай белгіленген өкілеттік мерзіміне мыналар сайлансын:

Серік Жетпісбайұлы Ахметов;

Айдар Есенжанұлы Оржанов;

Жомарт Сәрсенбекұлы Мұхамеджанов.

ҚМГ Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 24 қазандағы шешімімен (№16/2018 хаттаманың 16-тармағы) «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының келісімі бойынша 2018 жылғы 25 қазаннан бастап ҚТКФ Басқармасы үшін тұтастай белгіленген өкілеттік мерзіміне Бас директор (Басқарма төрағасы) болып Марат Көшкінбайұлы Ормановты тағайындау туралы шешім қабылданды.

Басқарма қызметін ҚТКФ Жарғысы және ҚТКФ Басқармасы туралы ережеге сәйкес жүзеге асырады.



2018 жылы ҚТКФ Басқармасының 26 отырысы өтті, 79 мәселе қаралды.

**2018 жылғы желтоқсанның 31-і күніне Басқарма құрамындағы адамдар туралы мәлімет:**

Басқарма төрағасы (Бас директор)

- Марат Көшкінбайұлы Орманов

Басқарма мүшелері:

- 1) Бас директордың коммерциялық мәселелер жөніндегі орынбасары – Айдар Есенжанұлы Оржанов;
- 2) Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары – Серік Жетпісбайұлы Ахметов;
- 3) Құқықтық қамтамасыз ету және келісім шарттар департаментінің директоры – Жомарт Сәрсенбекұлы Мұхамеджанов.

ҚТКФ Басқармасы 2018 жылы мына құжаттарды бекітті:

1) «Экологиялық аспектілерді айқындау, бағалау және экологиялық көрсеткіштердің мониторингі» ҚТКФ.015 КСТ;

2) «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС «ІС: Бухгалтерия + Корпоративтік менеджмент» негізінде «Сатып алуларды жоспарлау және шарттар мониторингі» автоматтандырылған жүйесіндегі жұмыс жөніндегі Жұмыс нұсқаулығы» ҚТКФ.090 КСТ;

3) «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС Кадрлық резервін қалыптастыру және оның жұмысын ұйымдастыру қағидасы» ҚТКФ.068 КСТ;

4) «Энергия көздерін оқшаулау қағидасы» ҚТКФ.106 КСТ;

5) «Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғаудың негізгі көрсеткіштері жөнінде есептілікті беру қағидасы» ҚТКФ.111 КСТ;

6) «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС және оның еншілес және тәуелді ұйымдарының қызметкерлерін наградтау және көтермелеу тәртібі туралы қағида» ҚТКФ.016 КСТ;

7) «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС және/немесе оның еншілес және тәуелді ұйымдарының қатысуымен жауапкершілігі шектеулі серіктестерден қатысу үлестерін, акционерлік қоғамдардың, сондай-ақ өзге ұйымдық-құқықтық нысандағы ұйымдардың акциялар пакеттерін сатып алу және заңды тұлғаларды құру ережесі» ҚТКФ.077 КСТ;

8) «Сатып алынатын тауарлардың верификация процесі туралы ереже» ҚТКФ.094 КСТ;

9) «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС бедел-бейнесінің саясаты туралы ереже» ҚТКФ.036 КСТ;

10) «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС корпоративтік коммуникациялары Регламенті»;

11) «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС Ішкі құжаттары;

12) «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС бос қызмет орындарына персоналды іріктеу және оның бейімделу қағидасы» ҚТКФ.026 КСТ.

#### **12.4. Тексеру комиссиясы (тексеруші)**

2018 жылғы желтоқсанның 31-і күніне ҚТКФ Жарғысының 8-бабының 44-тармағының 4) тармақшасына сәйкес ҚТКФ Жалғыз қатысушысының шешімімен тексеру комиссиясын (тексеруші) құру мәселесі жөнінде шешім қабылданбады.

### 13. КОМПАНИЯ МЕН ОНЫҢ ЕНШІЛЕС ЖӘНЕ ТӘУЕЛДІ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ МЕНШІК ҚҰРЫЛЫМЫ

ҚТКФ тобының құрамына оның 100 % еншілес ұйымдары ретінде «Kazmortransflot Ltd.» (Мэн аралдары), «Kazmortransflot UK Ltd.» (Ұлыбритания), «Altai Shipping Ltd» (Маршалл аралдары) және «Alatau Shipping Ltd» (Маршалл аралдары) кіріп отыр.

#### Компания активтерінің құрылымы туралы қысқаша ақпарат

№ 14 Кесте

| № р/н | «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС құрылымындағы ұйым атауы | Үлесі | Шоғырландыру жағдайы | Шоғырландыру әдісі (қатысу үлесіне, құнына толық, барабар) |
|-------|--|-------|----------------------|--|
| 1     | Kazmortransflot Ltd  | 100%  | иә                   | толық  |
| 2     | Kazmortransflot UK Ltd                                     | 100%  | иә                   | толық  |
| 3     | Altai Shipping Ltd   | 100%  | иә                   | толық  |
| 4     | Alatau Shipping Ltd  | 100%  | иә                   | толық  |

#### ҚТКФ активтерінің құрылымы:

##### 1) Сауда флоты:

- меншікті 12,000 тонналық «АСТАНА», «АЛМАТЫ» мұнай құю танкерлері, салмағы 13 000 тонналық «АТЫРАУ», «АҚТӨБЕ», «ОРАЛ» танкерлері;
- салмағы 12,000 тонналық «ТК Ақтау» танкері;
- әрқайсысы 115 000 тонналық ірі көлемді «АЛТАЙ», «АЛАТАУ» мұнай танкерлері – займ қаражаты есебінен сатып алынды.

##### 2) Теңіз операцияларын қолдау флоты (ТОҚФ):

– «Орал», «Ертіс», «Есіл», «Тобыл», «Талас», «Ембі» «Ырғыз» магистралдық сүйреткіштері;

- әрқайсысының жүккөтерімдігі 3 600 тонналық «ҚМГ» топтамасындағы баржа-алаңшалар: «КМГ-101», «КМГ-102», «КМГ-103», «КМГ-104», «КМГ-105», «КМГ-106», «КМГ-107», «КМГ-108».

- модульдерді тасып шығаруға арналған «Barys», «Berkut», «Sunkar» кемелері;

##### 3) өзге объектілер:

- әкімшілік ғимарат, 14 шағын ауданы, 70 ғимарат;

- Ақтау қаласының солтүстік-батыс бөлігінде 15 шағын ауданынан төмен жерде орналасқан яхтаға арналған ангар.

### 14. БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУ

Safety First – «бәрінен жоғары Қауіпсіздік» – ҚТКФ дамуы саласында негізгі қағидат.

Қабылданған міндеттерді орындау мақсатында флотты пайдалану және флот операцияларын жүргізу ҚТКФ қауіпсіздігін кешенді басқару жүйесіне сәйкес жүзеге асырылады, оның негіздерін Халықаралық қауіпсіздікті басқару кодексі (ХҚБК), ISO

9001 (сапа менеджменті жүйесі) және 14001 (экологиялық менеджмент жүйесі) стандарттары, ХҚБЖ негізінде кемелік ҚБЖ, КПКК кодексі, теңіз кеме қатынасында еңбек туралы МОТ конвенциясы шеңберінде мақұлданған, сондай-ақ кемелердің ту әкімшілігінің талаптарына және озат салалық практикаларға сәйкес келетін кемелер мен кеме жабдығын тиімді және қауіпсіз техникалық пайдаланудың стандарттық әдістері құрайды.

ҚТКФ бойынша қолданысқа енгізілген ҚБЖ бірыңғай басшылығы бизнесті тұрақты дамыту тұжырымдамасына бағдарланып, оның негізін – денсаулықты қорғау, қауіпсіздік, қоршаған ортаны қорғау, қызмет көрсетулер мен басқарудың жоғары сапасы құрайды, ал бұл кемеңі жалға алу нарығында жоғары бәселестік жағдайында қосымша артықшылықтарды қалыптастырады.

ҚТКФ жұмысының басты қағидаттарының бірі халықаралық стандарттардың талаптарын компанияда қалыптасып отырған сапа, қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау сияқты жүйелерге енгізу арқылы оларды сақтай отырып, шығыстарды азайту және табысты ұлғайту, компанияның әлемдік нарықтағы беделін арттыру мақсатында тиімді бизнес әдістерін қолдану арқылы кемелерді қауіпсіз, тиімді және үнемді пайдалану болып табылады.

#### **14.1. Сапа, қоршаған ортаны қорғау, еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі жүйесінің менеджменті**

ҚТКФ қолданысқа енгізілген Менеджменттің біріктірілген жүйесін (МБЖ) тиісті деңгейде күтіп ұстайды. 2018 жылғы сәуірде «Орыс Тіркелімі» сертификаттау органы ҚТКФ компаниясына сыртқы қайта сертификаттау аудитін өткізді. Сыртқы қайта сертификаттау аудитін өткізу мақсаты ҚТКФ бойынша қолданысқа енгізілген МБЖ ISO 9001:2015, ISO 14001:2015, OHSAS 18001:2007, ИСО 9001-2016 ҚР СТ, ИСО 14001-2016 ҚР СТ, OHSAS:18001:2008 ҚР СТ халықаралық талаптарына сәйкес келуін айқындау, сондай-ақ оның нәтижелілігін жақсарту болып табылады.

Сертификаттау аясы ИСО 9001, 14001 ХС, OHSAS 18001, ҚР ИСО 9001, 14001 СТ, ҚР OHSAS 18001СТ элементтері мен талаптарын есепке ала отырып, компанияның бүкіл құрылымдық бөлімшелерінің қызметіне қатысты қолданылды, сапа менеджменті жүйесі (СМЖ) 8.3-тармағының талаптарына қатысты қолданылмауының негіздемесі расталды.

Тексеріс сертификаттаудың мәлімделген саласына байланысты процестер және бөлімшелер бойынша өткізілді. Өткізілген аудит нәтижелері бойынша мыналарға қатысты сертификаттау аясы расталды: кемелерді басқару, кемелерді теңіз портында мұнай құю айлақтарына тұраққа қою; порттағы жүктердің экспедициялық қызметтері.

ҚТКФ Саясаттары қайта қаралып, 2018 жылғы мамырда бекітілді.

МБЖ жетілдіру шеңберінде 2018 жылы мына іс-шаралар орындалды:

- ішкі аудиторларды сертификаттау (оқу семинары) өткізілді;
- ҚТКФ МБЖ ішкі аудит өткізілді;
- процесс нәтижелілігіне мониторинг өткізілді;
- ҚТКФ тұтынушыларының қанағаттану деңгейіне баға берілді (сауалнама);
- қоршаған ортаны және еңбекті қорғау жөніндегі іс-шаралар өткізілді;
- жоғары басшылық тарапынан талдау жүргізілді.

## 14.2. Қауіпсіздікті басқару жүйесі

### 2018 жылға белгіленген міндеттерді іске асыру

1. 2018 жылы кемелерді авариясыз пайдалануды қамтамасыз ету;
2. Компания мен кемелерде ҚБЖ рәсімдік талаптарын сақтау;
3. Конвенциялық, сыныптаушы және ұлттық талаптар мен кемемен жалданушының талаптарын ескере отырып, кемелердің ұдайы әзір болуын қамтамасыз ету;
4. Кемелермен үздіксіз байланыста болуды қамтамасыз ету.
5. Кемелердің және жағалаудағы персоналдың авариялық жағдайларға әзір болуын қамтамасыз ету.
6. Компанияны кеме жіктеліміне, кеме туы мен кемемен жалданушының талаптарына сәйкес уақтылы куәландыруды қамтамасыз ету.

### 2018 жыл бойынша мемлекеттік порттық бақылау инспекциялары (PSC)

№15 Кесте

| КЕМЕ             | ПОРТ         | ЕСКЕРТПЕ САНЫ |
|------------------|--------------|---------------|
| Танкер ТК Ақтау  | Махачкала    | 0             |
| Есіл сүйреткіші  | Баутин       | 2             |
|                  | Түрікменстан | 0             |
| IRGIZ сүйреткіші | Баутин       | 0             |

#### *ЖАЛПЫ ЕСКЕРТПЕ САНЫ - 2*

#### *ИНСПЕКЦИЯ БАРЫСЫНДА ЖАБЫЛҒАН ЕСКЕРТПЕ САНЫ - 2*

*16, 17, 30 кодтарымен белгіленген PSC/FSC ескертпелері жасалмады*

*16 Код – кемшіліктерді 14 күн ішінде жою;*

*17 Код – ескертпелерді кеме рейске шықпастан бұрын жою;*

*30 Код – кемеңі қамауға алу (кемеңі тоқтату)*

#### **Авариялық жағдайларға әзір болуы**

#### **Кемелердің 2018 жылғы Күнтізбелік оқу жоспарын орындауы**

№16 Кесте

| Оқу-жаттығулар                    | Кемелер     |                |                   |                    |                   |                    |
|-----------------------------------|-------------|----------------|-------------------|--------------------|-------------------|--------------------|
|                                   | ТК<br>Ақтау | Танкер<br>Орал | Сүйреткіш<br>Есіл | Сүйреткіш<br>TALAS | Сүйреткіш<br>EMBA | Сүйреткіш<br>IRGIZ |
| Орындалды                         | 33          | 13             | 78                | 78                 | 78                | 46                 |
| Орындалды                         | 24          | 13             | 77                | 79                 | 90                | 48                 |
| «Кеме-жағалау»<br>оқу-жаттығулары | 1           | 2              | 1                 | 2                  | 2                 | 1                  |

***ТОБЫЛ – 2018 жылғы кезеңде пайдаланудан шығарылды;***

***ТС Орал – 2018 жылғы 04 сәуірден бастап тұраққа шығарылды;***

***Ертіс – 2018 жылғы 03 сәуірден бастап тұраққа шығарылды .***

Күнтізбелік оқу жоспары ТК Ақтауды қоспағанда толықтай орындалды. Сәйкес келмеушілік 9 жаттығу болды. Оған кемеңің ҚТКФ компаниясына өтуі және Қауіпсіздікті Басқару Жүйесі басшылығының алмасуы себеп болды.

Іс-қимыл түзетулері – капитандармен ҚБЖ жөнінде оқыту өткізу.

2018 жылғы оқу-жаттығуларды талдау жоспардың пайыздық ара-қатынасымен:

- ✓ Есіл сүйреткіші – 98% (2017 жылы – 92%),
- ✓ TALAS сүйреткіші – 101% (2017 жылы – 0%),
- ✓ EMBA сүйреткіші – 115% (2017 жылы – 0%),

✓ IRGIZ сүйреткіші – 104% (2017 жылы – 0%).

### Құжаттама

Халықаралық және заңнамалық жүйеде кеме қатынасы саласында болған баға өзгерістер, кемелер экипаждарының ҚБЖ ішкі-нормативтік талаптарын, кемеңі жалға алушының талаптарын сақтауы шеңберінде, сондай-ақ ҚБЖ қайта қарау жөніндегі ұсыныстарға сәйкес есеп беру кезеңінде мыналар әзірленді: шарттар – 60 (2017 жылы – 69), Өкімдер – 2 (2017 жылы – 4), циркулярлық хаттар – 20 (2017 жылы – 19).

### Компания жүзеге асыратын тексеру, талдау және баға беру

ҚТКФ негізгі бөлімшелері мен кемелерінде сапаны басқару жүйесін жетілдіру шеңберінде 2018 жылғы аудит өткізу кестесіне сәйкес ішкі аудит өткізілді.

Техникалық инспекция мен аудит кестеге сәйкес өткізіліп, Абай және Қазақстан танкерлерінде жоспардан тыс инспекциялар қосымша өткізілді.

Құрылымдық бөлімшелерде ҚБЖ ішкі аудиті:

жалпы сәйкес келмеушіліктер саны - 3

жалпы тексерудер саны – 3

жойылған сәйкес келмеушіліктер саны – 2.

ҚТКФ кемелерінде өткізілген техникалық инспекциялар, сәйкес келмеушіліктер:

ТК Ақтау – 6

Ертіс сүйреткіші – 5

Есіл сүйреткіші – 4

Талас сүйреткіші – 2

Тобыл сүйреткіші – 3

Ембі сүйреткіші – 1

ТС Орал – 5

Ырғыз сүйреткіші - 2

Компания және ҚТКФ кемелеріне ҚБЖ ішкі аудитін өткізу кезінде жасалған ескертпелер, сондай-ақ техникалық инспекцияларды жүргізу шеңберінде ескертпелерді олардың қайталануын болдырмау және ҚТКФ ҚБЖ қауіпсіздік деңгейін арттыру мақсатында уақтылы жою және сақтандыру шараларын алу жөніндегі іс-шараларды қамтамасыз етуге бағытталған түзетулерді енгізу мен сақтандырудың Іс-әрекет жоспары әзірленді.

### ҚТКФ қызметкерлерінің кемелерге барып қайтуы

№17 Кесте

| Жылы     | Сүйреткіштер |      |       |       |       |       |
|----------|--------------|------|-------|-------|-------|-------|
|          | EMBA         | Есіл | IRGIZ | Ертіс | TALAS | Тобыл |
| 2017 жыл | 0            | 22   | 0     | 10    | 3     | 17    |
| 2018 жыл | 78           | 79   | 51    | 1     | 125   | 3     |

№18 Кесте

| Жылы     | Танкера |        |        |        |      |          |
|----------|---------|--------|--------|--------|------|----------|
|          | Ақтөбе  | Алматы | Астана | Атырау | Орал | ТК Ақтау |
| 2017 жыл | 2       | 2      | 0      | 21     | 3    | 0        |
| 2018 жыл | 1       | 2      | 1      | 5      | 2    | 17       |

### Компанияның өзін өзі бағалауы

Есеп беру кезеңінде ҚТКФ ҚБЖ талдау және ҚБЖ тиімділігіне өзін өзі бағалау арқылы баға беру нәтижелері шеңберінде кемелді жүйе коэффициенті сандық мәнінің оң қарқындылығы мына негізгі қауіпсіздік салаларында байқалуда:

1. Компанияның саясаты және жауапкершілігі;
2. Персонал және ресурстар;

3. Негізгі операциялардың қауіпсіздігі;
  4. Авариялық жағдайларға әзір болу;
  5. Сәйкес келмеушілік және техникалық қызмет көрсету;
  6. Компанияның ҚБЖ құжаттамасы және оның тиімділігін талдау.
- 2018 жылы кемелдену деңгейі он балдық шәкіл бойынша – 8.86 болды.

#### **Сертификаттау және мерзімді куәландыру**

2018 жылғы 07 маусымда Ресей Теңіз кеме тіркелімінің сарапшылары ҚТКФ ҚБЖ халықаралық кодекске сәйкес келуіне жыл сайынғы куәландыру жүргізді.

2016-2018 жылдар аралығында ҚБЖ куәландыру нәтижелері бойынша салыстырмалы талдау төменде көрсетілген кестеде берілді:

№19 Кесте

|                              | 2016 | 2017 | 2018 |
|------------------------------|------|------|------|
| Сәйкес келмеушіліктер        | 2    | 0    | 3    |
| Елеулі сәйкес келмеушіліктер | 0    | 1    | 0    |
| Байқаулар                    | 1    | 1    | 1    |

#### **Уақытша құжаттарға қатысты сертификаттау**

IRGIZ сүйреткіші –уақытша ІҚБЖ ХҚБЖ бойынша 2018 жылғы 20 маусымда куәландырылды.

Ақтау танкері - уақытша ІҚБЖ ХҚБЖ бойынша 2018 жылғы 02 тамызда куәландырылды.

2018 жылы сәйкес келмеушіліктер санының ұлғаюы 2017 жылы жасалған байқаулардың сәйкес келмеушілікке айналғанынан болды.

#### **Куәландыру**

Есеп беру кезеңінде Ресей Теңіз Кеме Тіркелімінің Сыныптаушы қоғамы тарапынан ҚТКФ кемелерінде куәландырудың мына түрлері жүргізілді:

#### **Жыл сайынғы куәландыру:**

№20 Кесте

| Кеме    | Күні     | Кеме     | Күні     |
|---------|----------|----------|----------|
| ҚМГ-101 | 23.01.18 | Тобыл    | 27.06.18 |
| ҚМГ-102 | 27.06.18 | Есіл     | 21.06.18 |
| ҚМГ-103 | 07.10.18 | Ертіс    | 03.04.18 |
| ҚМГ-104 | 12.10.18 | ТС Орал  | 03.04.18 |
| ҚМГ-105 | 29.11.18 | Талас    | 07.12.18 |
| ҚМГ-106 | 27.06.18 | Ембі     | 07.12.18 |
| ҚМГ-107 | 31.07.18 | ТК Ақтау | 08.09.18 |
| ҚМГ-108 | 02.08.18 |          |          |

#### **Кезектен тыс куәландыру:**

ҚМГ-104 (жыл сайынғы куәландыру кезінде анықталған ескертпелерді жою)

ҚМГ-105 (жыл сайынғы куәландыру кезінде анықталған ескертпелерді жою)

ҚМГ-101 (талаптарды орындау)

IRGIZ (ту мен кеме иесін ауыстыру)

IRGIZ (бір мәрте қуып жеткізу мақсатында)

IRGIZ (Санкт-Петербург портында ІСЖ бойынша бір мәрте қуып жеткізу мақсатында)

IRGIZ (қуып жеткізгеннен кейін жіктелімінің сақталғанын растау мақсатында)

## **ХҚБЖ бойынша бастапқы қуәландыру:**

EMBA - 05.04.18

TALAS - 04.04.18

IRGIZ - 20.12.18

## **Тапсырысшы тарапынан жүргізілген аудит**

Кемелерді БКЖ жобасының шеңберінде операциялық кезеңге әзірлеу мақсатында ТШО тарапынан ҚТКФ инспекциялар жүргізілді:

OVID (теңіз кемелері инспекцияларының деректер базасы) inspection – 151 (жабық – 143, ашық – 8)

Condition and Suitability Survey (жарамдылығы бойынша инспекция) – 60 (жабық – 60)

Environmental Labor Community (Экология, Еңбек қатынасы, Қоғам) – 24 (жабық – 24)

Marine Operational Excellence (Операциялық сәйкес келушіліктер)– 20 (жабық – 12, ашық - 8)

Тапсырысшы тарапынан жүргізілген аудит басқарудың біріктірілген жүйесі халықаралық стандарттар талаптарына тұтастай сәйкес келетінін растады.

2018 жыл бойынша КҚМК келіп түскен хабарландырулар – 47, оның ішінде ден қоюға қабылданған – 47: ТХ-38, ЖАФС Түрікменбашы – 7, ТҚҮО оқу – 2.

ҚТКФ жедел штабы 10 мәрте, соның ішінде кемелердің капитандарына жәрдем көрсету қажеттігімен 4 мәрте жиналды.

Жедел штаб мүшелерін жинау уақытын қысқарту мақсатында ҚТКФ ғимараты бойынша дыбыстық байланыс орнатылды.

СТҚД Кеме қозғалысы мониторингі қызметі кемелермен және порттармен іркіліссіз радиобайланысты қамтамасыз етті.

Уақыс оқиғаларға ден қою мәселелері жөнінде оралымды оқу-жаттығулар жүйелі түрде жүргізіліп отырады.

## **Бюджеттің құрамдас бөлігі**

ТС қысқы тұраққа шығару бойынша шарт бойынша – 7 баржаны айлаққа тұраққа шығарғаны үшін төлемақы 50%-ға азайтылды. Үнемдеу 3 айлық қысқы тұрақ есебімен ҚҚС қоспағанда шамамен 14 000 000 теңге болды.

Басшылықтың ақшалай қаражатты үнемдеу туралы өкімі шеңберінде 2018 жылы 10 887 299,6 теңге үнемделді, оның ішінде:

Кемелерді қысқы тұраққа шығаруға жасасқан шарт - 11 500 000 теңге,

АҚМ және ӨҚМ жасасқан шарт - 777 313,6 теңге,

Құтқару салдарына жасасқан шарт - 2 427 040 теңге,

Сүйрету жұмыстарына жасасқан шарт - 2 797 241 теңге,

АҒТБЖ жасасқан шарт - 1 391 498,8 теңге.

## **2019 жылға жасалған ұсыныстар**

1) 2019 жылғы бүкіл кезінде кемелерді авариясыз пайдалануды қамтамасыз ету үшін персонал білімін арттыру.

2) Компания мен кемелерде ҚБЖ рәсімдік талаптарын сақтау бойынша бақылауды күйшейту (жоспардан тыс тексерістерді жүргізе отырып).

3) Конвекциялық, сыныптау және ұлттық талаптарды және кемемен жалданушының талаптарын ескере отырып, кемелердің әзір болуын ұдайы мониторинг жүргізіп отыру.

4) Кемелер мен жағалаудағы персоналдың авариялық жағдайларға әзір болуы үшін жауапкершілікті арттыру, кемелермен және бөлімшелермен үздіксіз байланыста болуды қамтамасыз ету.

Құрылымдық бөлімшелердің Компания мен флотты (кемелерді) кеме жіктелімі, оның туы мен кемемен жалданушы талаптарына сәйкес уақтылы куәландыру бойынша жауапкершілігін күшейту.

### **14.3. Кәсіби қауіпсіздік және еңбекті қорғау**

#### **1. Еңбек қауіпсіздігі**

Экипаж үшін еңбекті қорғаудың тиісті жағдайлары және оның қауіпсіздік жағдайлары кемелерде мына іс-шараларды алу арқылы қамтамасыз етілді:

- діріл-акустикалық қабілеті жақсартылған және амортизаторларға орнатылған дизель-генераторларды және негізгі қозғалтқыштарды қолдану;
- ауаны баптау жүйесінде шуыл бәсеңдеткіштерін орнату;
- орын-жайларда дірілді төмендететін мастиктер мен дыбыс оқшаулағыштарды пайдалану;
- орын-жайлардың қаптамасын жақсартылған акустикалық сипаттамасында қолдану;
- неғұрлым жауапты жергілікті автоматтандырылған бөлшектерді (қазандықтар, компрессорлар, сепараторлар) және рульдік рупкадан және ОБП негізгі қозғалтқыштарды, дизель-генераторларды, негізгі және қызмет көрсетуші бөлшектерді қашықтықтан басқару;
- кемені МБ вахта жүргізбей мерзімді қызмет көрсету арқылы пайдалану;
- рупка діңгегі мен оның төбесінде, экипаждың тұрақты жұмыс орындарынан тыс жерлерде радиоэлектрондық құралдардың сәулелік антенналарын орнату;
- антеннада орнатылған таратқышпен қоса негізгі сәуле тарату көзі ретінде радиолокациялық станцияларды қолдану, яғни кеменің жұмыс және тұрғын жайлардан тысқары орналасқан;
- бүкіл радио-электрондық аппаратура үшін металдан жасалған экран-корпустарды қолдану.

Жұмыстарды және теңіз операцияларын орындау кезінде зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың теріс әсерінен қорғау үшін кемелердегі жүзу құрамы арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен және басқадай жеке бас қорғанысының құралдарымен қамтамасыз етілді.

2018 жылы:

- ✓ Қысқы костюм мен комбинезон – 109 дана
- ✓ Жазғы костюм мен комбинезон – 165 дана
- ✓ Қысқы етік – 70 дана
- ✓ Жазғы бәтеңке – 93 дана сатып алынды.

Кемені санитарлық бақылаудан босату туралы/кеменің санитарлық бақылаудан өтуі туралы (Халықаралық медициналық-санитарлық қағидалардың талаптарына сәйкес) куәлікті алу үшін әрбір 6 ай сайын кемелердің сумен қамтамасыз ету жүйесіндегі суларға микробиологиялық және бактериологиялық зерттеулер (тексеру) жүргізілді.



«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасы төрағасының «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялары тобының денсаулықты, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласында үздік инновациялық идеялар мен тәжірибелер» жыл сайынғы конкурсын жүргізу тәртібі мен талаптары туралы қағидаға және «Денсаулықты, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласында үздік инновациялық идеялар мен тәжірибелер» жыл сайынғы конкурсын өткізу тәртібі мен талаптары туралы қағида» ҚТКФ.103 КСТ сәйкес ҚТКФ қызметкерлері «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасы төрағасының «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялары тобының денсаулықты, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласында үздік инновациялық идеялар мен тәжірибелер» жыл сайынғы төртінші конкурсына қатысты.

ҚТКФ ЕҚ және ТҚ қызметінің бастығы Б.А. Қайболдиев екінші орын жүлдегері атанды. Ол қызметкерлердің туысқандары бейнеленген жеке турниреттік карточкаларына «Олар Сізді ошақ басында күтіп отыр. Жұмысты қауіпсіз орындаңыз» деген жазба белгісін жасауды және ол қызметкерлерге қауіпсіздік қағидаларын сақтау туралы үнемі ескерту болып отыратын идеясын ұсынды.

## **2. Сақтандыру**

Еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезінде өмірі мен денсаулығына нұқсан келтіруден қызметкерлердің мүліктік мүддесін қорғауды (сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру арқылы) қамтамасыз ету, сондай-ақ 07.02.2005 жылғы «Еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезінде қызметкерлерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы» ҚР № 30-III ҚРЗ Заңының талаптарын сақтауды қамтамасыз ету үшін ҚТКФ бойынша еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезінде қызметкерлерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру рәсімі жыл сайын өткізіліп отырады. Осы орайда 2018 жылғы 18 сәуірде «НОМАД LIFE» сақтандыру жөніндегі компаниясы» АҚ 2 317 937,21 теңге сомасына сақтандыру шарты жасасты. Сақтандыру мерзімі 2018 жылғы 18 сәуірден 2019 жылғы 17 сәуірге дейін деп белгіленді. Сақтандыру аумағы – қызметкерлердің еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару аумағы болып белгіленді. Сақтандыру жағдайы – еңбек міндеттерін атқарған кезде зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік фактордың басталуы нәтижесінде болған, оның салдарынан қызметкердің өндірістік жарақат алуына, денсаулығының кенеттен нашарлауына немесе улануына, кәсіби еңбек жарамдылығын жоғалту деңгейін белгілеуге, кәсіби ауруға немесе өлімге әкеліп соқтыратын жазатайым оқиғаның басталу фактісі.

## **3. Қызметтік автокөлікті пайдалану кезінде еңбек қауіпсіздігі**

Қызметтік автокөліктің қауіпсіз пайдаланылуын және ЖКО сақтандыруды жүзеге асыру мақсатында ҚТКФ бойынша автокөлікті спутник арқылы бақылау жүйесі қолданысқа енгізілді. Аталмыш жүйе қызметтік автокөлікке орнатылған және көлік құралының жай-күйі мен тұрған жері туралы сымсыз GSM-арнасы бойынша мәлімет беру үшін көздестірілген электрондық құрылғы (терминал-датчик) болып табылады. Қызметтік автокөлікті тәулік бойы бақылау және оның қозғалысына мониторингі жүргізу (жылдамдық режимі, тұрған жері, қозғалып отыру бағыты, жол жүру және тоқтап тұру уақыты) нақтылы уақыт режимінде жүзеге асырылады. Тұрған жерін анықтау және осы жайлы деректерді беру Ғарыштық навигациялық жүйе (GPS) және қызметтік автокөлікте орнатылған датчиктер (терминал) көмегімен жүзеге асырылады. Қызметтік көлікті бақылау және оның қозғалысына мониторингі

жүргізу интернет арқылы қашықтықтан жүзеге асырылады. Жүйеге қызмет көрсетуді шарттық міндеттемелер негізінде мамандандырылған ұйым жүзеге асырады.

Қызметтік автокөлік толықтай қауіпсіздік белдіктерімен жарақталды.

«Медсервис KZ» ЖШС жасасқан шартқа сәйкес жүргізушілерді рейс алды және рейс аяқталысымен куәландыру жүргізілді. Осы бойынша бүкіл жазбалар белгіленген үлгідегі журналда тіркелді.

#### **4. Денсаулықты қорғау және алкогольге қарсы саясат**

2018 жылы қызметкерлерге тегін медициналық қызметтер «Казахинстрах» АҚ (Астана қаласындағы ҚТКФ Өкілдігі қызметкерлері үшін) арасында жасасқан сақтандыру шарты және «Sofie Medgroup» көп салалық клиникасы» ЖШС (Ақтау қаласындағы қызметкерлер үшін) арасында медициналық қызметтерге жасасқан шарт шеңберінде ұсынылды.

Қызметкерлердің жыл сайынғы медициналық тексерістері «Sofie Medgroup» көп бейінді клиникасы» ЖШС жасасқан шартқа сәйкес жүргізіліп отырды. Осы мақсатта медициналық тексерістен өтуге тиіс мамандықтар санаты мен қызметкерлер тізімі түзіп жасалды, ол Маңғыстау Басқармасының Көлікте қоғамдық денсаулықты қорғау жөніндегі бөлімімен келісілді.

«Түпқараған орталық аудандық аурухана» МКК жасасқан шартқа сәйкес сүйреткіштердің экипаждарына медициналық куәландыру (экипаж ауысымы кезінде) жүргізілді. Медициналық тексеріс нәтижелері бойынша кемелердің экипаждарында қан қысымының көтерілуіне байланысты денсаулық жағдайы бойынша жұмысқа шығуға рұқсат етпеудің 8 оқиғасы тіркелді.

#### **5. Өрт қауіпсіздігі**

ҚТКФ кемелері жергілікті өрт сөндіру жүйесімен (су, көбік, көмір қышқылы және жергілікті қолданудағы құралда), сондай-ақ өрт сөндірудің бастапқы құралдарымен жарақталды. Пайдаланудағы өртсөндіргіштер техникалық куәландырудан және мамандандырылған ұйымдарда қайта зарядтаудан өтіп отырады.

Әкімшілік ғимараттағы өрт қауіпсіздігінің жүйесі өрт алуды шектеуді және алдын ала адамдарды эвакуациялауды қамтамасыз ететін өрт сөндіру құралдарын, өрт сөндірудің су құбырларын, автоматтандырылған өрт сөндіру жүйесін, өрт алу жағдайы туралы құлақтандыру жүйесін қолдану арқылы қамтамасыз етілді. Объекті өрт қауіптілігінің конструктивтік жіктелімі СО.

Бүкіл өрт есіктері өздігімен жабылатын тетіктермен жабдықталды. Объектіде эвакуация үшін екі басқыш шабағы (Н1 және Н3 түрлерінде) көздерірілді. Эвакуациялау жолдарындағы бүкіл есіктер эвакуациялау бағыты бойынша ашылады. 15 адамнан асыра жиналатын орын-жайлардағы есіктер сыртқа қарай ашылады. 50 адамнан асыра жиналатын орын-жайларда кем дегенде екі шығу есігі көздерірілді. Объектіде бір өрт лифті көздерірілді. Ғимаратта ауаның сырттан келуі үшін желдету жүйесі және түтін шығару қондырғысы (автотұрақ пен атриумде) орнатылды. Өрт алып бастаған жағдайда желдетпе және баптау жүйесінің автоматты істен ажыратылуы және сырттан ауаның келуі және түтін шығару қондырғысының іске қосылуы көздерірілді.

#### **6. Төтенше жағдайларға ден қою**

Төтенше жағдайларға, соның ішінде мұнайдың төгілуіне және олардың салдарын жою бойынша тиісінше операцияларды орындауға оралымды және тиімді

ден қоюды қамтамасыз ету жүйесін құру мақсатында ҚТКФ бойынша мыналар әзірленді:

- жағалаулық авариялық жоспар;
- кемелік авариялық жоспар;
- мұнайдан ластануға қарсы күрес жүргізу бойынша төтенше жағдайлардың

Кемелік жоспары (бұдан әрі – SOPEP жоспары).

Көрсетілген бүкіл құжаттар қауіпсіздікті басқару жүйесі шеңберінде кешенді нормативтік-құқықтық құжаттардың құрама элементі болып табылады. Олар қауіпсіздік және ластануды болдырмау жөніндегі халықаралық стандарттарға (қағидалар мен нормалар) сәйкес әзірленді.

Кеме персоналының авариялық жағдайларда іс-әрекетін практикалық пысықтау компания әзірлеген оқу бағдарламалары мен жаттығулар бойынша жүргізілді (ең бастысы сәйкестендірілген (анықталған) ықтимал мүмкінді авариялық жағдайларға қатысты қолданылады).

Жағалау және кеме персоналының сәйкестендірілген және өзге күтілмеген ықтимал мүмкінді авариялық жағдайлардағы іс-әрекетке ұдайы әзір болуына даярлық жүргізу және оны қамтамасыз ету үшін мыналар құрылды:

- компания – Компанияның авариялық жағдайлар жөніндегі Жедел штабы;
- кеме – Қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі кеме комитеті.

Компанияда компьютерлік үлгі негізінде мұнайдың төгілу және ықтимал таралу алаңын көрсете отырып, мүмкінді мұнай төгілу жағдайын талдау, сондай-ақ персонал мен командалық құрамды үлгі есебінде алынған авариялық жағдайларға жаттықтыру және оқыту үшін программалық-аппараттық тренажер - PISCES II бағдарламасы көздестірілді.

Диспетчерлік қызметтің тәулік бойы кезекшілігі ұйымдастырылды, ол мына байланыс және құлақтандыру жүйелерімен қамтамасыз етілді: ПВ-КВ SAILOR HC 4500 жергілікті радиостанциясы, УКВ SAILOR RT 5022 жергілікті радиостанциясы, интернет, телефон және факсимильдік байланыс, ДЧС тікелей телефон байланысы. ТЖ кезінде үйлестіруші органдармен іс-қимыл жасау және хабарлама беру тәртібі құжат түрінде айқындалды.

Теңізде жүзу қауіпсіздігін арттыру, қоршаған ортаны кеме қатынасының мүмкінді теріс салдарынан қорғау және төтенше жағдайлар кезінде шұғыл ден қою мақсатында Shipping Explorer жүйесі орнатылды, ол УКВ әрекет ету аймағы шегінде ААЖ (автоматтандырылған ақпараттық жүйе) арқылы жұмыс істейді және кез келген кеменің тұрған жерін нақтылы режимде қадағалап отыру, жүзеге асырылып отырған ағымдағы операцияны, оның габариттерін анық білу, маршруты туралы ақпаратқа, сондай-ақ кеме иесі туралы мәліметке (соның ішінде байланыс деректері) ие болу мүмкіндігін берді.

Кемелерді ААЖ әрекет ету аймағынан тыс жерлерде қадағалап отыру спутник байланысы арқылы кемелерді қашықтықтан анықтау жүйесі (КҚАЖ) бойынша жүзеге асырылды.

СОЛАС 74 Конвенциясының ІҮ-бөліміне сәйкес Компания кемелерінде А1, А2, А3 теңіз аймақтарында кемелерді пайдалануды қамтамасыз ететін радионавигациялық жабдықтар және АҒТБЖ жабдығы орнатылды. Команда беру және кеме бойынша құлақтандыру, сондай-ақ рульдік рубка мен пост арасында дауыстық байланысты орнату үшін дауыстық байланыс пен трансляция жүргізу

аппаратурасы орнатылды. Жалпы кемелік дабылдама белгісін беру үшін авральды дабылқаққыш көздестірілді. Дыбыстық белгі беру үшін кемеді екі тифон (ауа және электр) қондырылды. Тифондарды басқару рульдік рубкадан электр қуатымен қашықтықтан және автоматты түрде жүргізіледі.

### **7. Оқыту, нұсқама беру**

Жүргізу сипаты мен жүргізу уақыты бойынша мынадай нұсқамалар өткізілді: кіріспе, жұмыс орнында бастапқы, екінші қайтара, жоспардан тыс, мақсатты. Нұсқамалар бекітілген бағдарламаға сәйкес жүргізілді. Кіріспе нұсқама беру үшін қосымша слайд түрінде таныстыру өткізілді.

ҚТКФ қызметкерлері үшін қауіпті өндірістік объектілерде жұмыстарды жүргізу бойынша өнеркәсіп қауіпсіздігі қағидалары жөнінде оқу ұйымдастырылып, қызметкерлер белгіленген үлгіде куәліктерді алды (Б.А.Жайғалиев, А.Р.Сатыбалдин, А.М.Маштақов. Э.С.Сұлтанов).

«Медициналық білімі жоқ (парамедиктер) адамдарды дәрігерге дейін алғашқы көмек көрсетуге даярлау қағидалары» тақырыбында оқу ұйымдастырылды, сондай-ақ белгіленген үлгіде сертификаттар алынды (Қ.Қ.Ақаев, Е.Е.Ғабдуллин, Е.С.Мырзаханов).

ҚТКФ құрылымдық бөлімшелері және кемелері ҚТКФ қызметінде қолданылатын техника қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау саласындағы заңнамалық және басқадай талаптармен («ПАРАГРАФ» ақпараттық жүйесі арқылы) қамтамасыз етілді.

Жағалау мен кемелердегі персоналдың авариялық жағдайларда әрекет ету жай-күйін және ҚТКФ кемелерінде авариялық жағдайлар туындаған жағдайда кемелердің жағалаумен өзара іс-қимылын бақылау және олардың осыған әзір болуын бақылауды жүзеге асыру үшін жыл сайынғы негізде жоспарланған жағалаудағы және кемелердегі персоналдың сәйкестендірілген және өзге көзделмеген әлеуетті ықтимал авариялық жағдайларда әрекет етуін, аварияларды болдыртпауды, олардың салдарын жоюды және мейлінше азайтуды пысықтау жөнінде «Күнтізбелік оқу-жаттығулар жоспары» түзіп жасалды.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ 26.04.2018 жылғы өрт қауіпсіздігі саласында іс-шараларды алуға қатысты №121-13/201 хатына сәйкес мына іс-шаралар орындалды:

✓ ҚТКФ әкімшілік ғимаратының өрт қауіпсіздігі жүйесі, соның ішінде автоматтандырылған өрт дабылдасу жүйесінің жұмысқа жарамдылығы, ауа шығару және түтінді жою жүйелері, дауыстап хабарлама беру жүйесі тексерілді;

✓ ЕҚ және ТҚ қызметінің қызметкерлері ҚТКФ әкімшілік ғимаратының өрт қауіпсіздігі бойынша қарап шығуларын/тексерулерін апта сайын жүргізіп отырды;

✓ Қызметкерлерге өрт қауіпсіздігі бойынша техникалық оқу жүргізілді (таныстыру және бейне материалдарды көрсету арқылы).

Персоналдың өрт алған кезде төтенше жағдайларға әзір болуын қамтамасыз ету мақсатында 2018 жылғы 31 мамырда сағат 17:00-ден 17:35-ке дейін Әкімшілік ғимаратта өрт қауіпсіздігі бойынша оқу дабылы өткізілді.

Оқу дабылын өткізу барысында мына іс-әрекет пысықталды:

✓ ҚТКФ, жалға алушының, сондай-ақ Әкімшілік ғимаратқа қызмет көрсетуші персоналдың қызметкерлері эвакуациялау жоспары мен жарық көрсеткіш белгілеріне сәйкес жиналу жеріне (ғимаратқа (сквер) іргелес аумақ) эвакуацияланды. Эвакуация ғимараттың негізгі және авариялық шығу есіктері арқылы жүзеге асырылды. Эвакуациялау 15 минут уақыт алды. Тәулік бойы үзбей вахта атқару, флот

қозғалысына мониторингі жүргізу және оралымды басқару үшін тек қана ҚТКФ диспетчері өз орнында қалды.

✓ Төтенше жағдайлар туындаған кезде Әкімшілік ғимаратқа қызмет көрсетуші мердігерлер іс-қимылын, соның ішінде өрт сөндіру органдарымен өзара іс-қимылды ұйымдастыру пысықталды.

✓ «Қыран» күзет агенттігі» ЖШС қызметкерлерінің іс-қимылы, соның ішінде «Болид» біріктірілген күзет жүйесін қолдану, кіріп-шығу жолдарын босату/персоналды эвакуациялау және адамдардың ғимаратқа кіруін шектеу пысықталды;

✓ Сондай-ақ қызметкерлермен ұнтақты өртсөндіргішті қолдану бойынша практикалық жаттығулар өткізілді;

✓ Мерзімді куәландыру жүргізу мезгілінде әкімшілік ғимаратта ақаулықтары анықталған өрт сөндіру түтікқұбырларының саны - 79 дана болды. Осыған байланысты өрт сөндіру түтікқұбырлары сатып алында, олар өрт шкафтарына салынды.

#### **14.4. Қоршаған ортаны қорғау**

##### **Ластағыш заттектердің атмосфераға шығарылуы**

№21 Кесте

|                                | 2014  | 2015  | 2016 | 2017 | 2018 |
|--------------------------------|-------|-------|------|------|------|
| Белгіленген нормалар, тоннамен | 142,7 | 150,2 | 98,8 | 98,8 | 98,8 |
| Нақты көлемдері тоннамен       | 69,9  | 34,6  | 15,0 | 7,1  | 4,5  |

Есеп беру кезеңінде өндірістік экологиялық бақылау шеңберінде Компанияның экология саласындағы бастапқы есеп деректері мен айналыс-сальдо тізімін негізге ала отырып, жергілікті ластану көздерінен атмосфераға шығарылатын нақты ластағыш заттектер тастандыларының есептеулері тоқсан сайын жүргізіліп отырды. Қоршаған ортаға эмиссияға алынған рұқсатқа сәйкес жергілікті ластану көздерінен атмосфераға шығарылатын нақты ластағыш заттектердің тастандылар белгіленген нормативтер шегінде болып, қайсы-бір ингредиент бойынша шектен шығу жағдайлары тіркелмеді.

Жергілікті ластану көздерінен атмосфераға шығарылатын ластағыш заттектер тастандыларының соңғы бес жыл ішінде белгіленген нормативтермен салыстырғанда төмендеуі айлақ кешенін жалға алуға «Теңіз Сервис» ЖШС жасасқан, Баутин поселкесінде Теңіз операцияларын қолдау базасының вахталық поселкесі үшін жер учаскесін жалға алуға жасасқан шарттарды, Сервистік келісімдерді бұзумен, «Айназар» әктас-ұлутас карьерін өңдеуді тоқтатумен, кемелерді жергілікті ластану көздерінен жылжымалы ластану көздеріне қарай ауыстырумен, ауа бассейнін қорғау бойынша жоспарланған іс-шараларды орындаумен байланысты болды.

##### **Парниктік газдар тастандылары**

№22 Кесте

|                               | 2014    | 2015    | 2016    | 2017    | 2018    |
|-------------------------------|---------|---------|---------|---------|---------|
| Ішкі тасымал, тоннамен        | 1512,6  | 1881,1  | 1271,8  | 2355,7  | 887,6   |
| Халықаралық тасымал, тоннамен | 30705,6 | 27630,4 | 25619,3 | 26955,7 | 27317,5 |

Қазақстан Республикасы энергетика министрінің міндетін атқарушының 28.07.2015 жылғы «Парниктік газдарға түгендеу жүргізу туралы есептеме нысандарын бекіту туралы» №502 бұйрығына сәйкес есеп беру кезеңінде мұнай танкерлерінде, магистралдық сүйреткіштерде, «EMBA», «TALAS» сияқты жаңа сүйреткіштерде, «Barys», «Berkut», «Sunkar» MCV кемелерінде, Ақтау қаласының Әкімшілік орын-жайында (кеңсе орын-жайы) парниктік газдар тастандыларының көздеріне түгендеу жүргізілді.

2014-2018 жылдары кәсіпорын парниктік газдары тастандыларының елеулі үлесі құрамында жергілікті және ұтқыр жағу отынымен байланысты парниктік газдар тастандыларының санатына ие «Энергетика» секторына шақ келді. Ішкі тасымалдаудан болған парниктік газдар тастандыларының жылдық нақты көлемі он және жиырма мың тонна қос тотықты көмірсутектен жоғары болмайды, яғни ҚТКФ әкімшілеу субъектісі ретінде оған квота бөлу және парниктік газдар тастандыларын қысқарту мен жоюдың нарықтық тетіктерін белгілеу бөлігінде ҚР Экологиялық кодексінің нормалары қолданылмайды. Есеп беру кезеңінде ішкі және халықаралық тасымалдаудан парниктік газдар тастандылары үлесінің өсімі «EMBA», «TALAS» сияқты су жаңа сүйреткіштермен, «Barys», «Berkut», «Sunkar» MCV кемелері есебінен флот бірліктерінің ұлғаюынан болды.

#### Озон қабатын бұзатын заттектерді қолдану

№23 Кесте

|                                  | 2014  | 2015 | 2016 | 2017 | 2018 |
|----------------------------------|-------|------|------|------|------|
| Дифторхлорметан (ГХФУ-22), килә  | 20,48 | 0    | 0    | 0,1  | 0    |
| Дихлордифторметан (ХФУ-12), килә | 0     | 0    | 0    | 0    | 0    |

ҚР энергетика министрінің 15.04.2015 жылғы «Озон қабатын бұзатын заттектерді тұтынуды есепке алу қағидасын бекіту туралы» № 285 бұйрығына сәйкес магистралдық сүйреткіштерде, мұнай құю танкерлерінде және Ақтау қаласында Әкімшілік орын-жайда (кеңсе орын-жайы) озон қабатын бұзатын заттектерді тұтыну көздеріне түгендеу жүргізілді.

Түгендеу жүргізу қорытындылары бойынша есеп беру жылында хладагент есебінде озон қабатын бұзатын заттектер жөніндегі Монреаль хаттамасының С Қосымшасының I-тобын құрайтын Дифторхлорметан (ГХФУ-22) қолданылатын тұрмыстық ауа баптағыш 100 грамм мөлшерінде демдеогені анықталды.

2018 жылы баптау жүйесі мен тоңазытқыш қондырғыларына Дифторхлорметан (ГХФУ-12) хладоны қолданылмады.

Есеп беру кезеңінде «Орал ТС» магистралдық сүйреткішінде салқындату сұйықтығы ретінде Дифторхлорметанды (ГХФУ-22) пайдаланатын ауа баптау жүйесі пайдаланудан шығарылды.

#### Қалдықтар айналысы

№24 Кесте

|   | 2014   | 2015   | 2016   | 2017    | 2018    |
|---|--------|--------|--------|---------|---------|
| «Янтарь тізімі», тоннамен                                 | 78,471 | 78,710 | 77,268 | 69,438  | 69,325  |
| Жасыл тізім (кеңсе орын-жайын есепке алмағанда), тоннамен | 35,546 | 30,964 | 30,214 | 41,52   | 114,000 |
| Жасыл тізім (кеңсе  | 0      | 0      | 154,75 | 107,000 | 114,000 |

|                      |  |  |  |  |  |
|----------------------|--|--|--|--|--|
| орын-жайы), тоннамен |  |  |  |  |  |
|----------------------|--|--|--|--|--|

Қолда бар деректер «жасыл» және «янтарь» тізімдеріндегі қауіпті қалдық түрлерінің төмендеуінің жалпы қарқындылығы байқалуда деген тұжырым жасау мүмкіндігін берді.

МАРПОЛ 73/78 МЕРС.277 (70) Қарарына (2018 жылғы 01 наурыздан бастап күшіне енді) және Қазақстан Республикасы инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 24.02.2015 жылғы «Кеме құжаттарының тізбесін, Кеме құжаттарын жүргізу және кеме құжаттарына қойылатын талаптар қағидасын бекіту туралы» №163 бұйрығына сәйкес есеп беру кезеңінде «Қоқыстармен жүргізілетін операциялар журналы. I Бөлім» журналының қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде үлгісі әзірленіп, баспаханада басып шығарылды.

МАРПОЛ 73/78 МЕРС.277 (70) Қарарына (2018 жылғы 01 наурыздан бастап күшіне енді) сәйкес есеп беру кезеңінде жаңа үлгідегі «IRGIZ» сүйреткіші үшін орыс және ағылшын тілдерінде кемелік Қоқысты басқару жоспары әзірленіп, РТКТ тарапынан мақұлданды.

### Су пайдалану

№25 Кесте

| № р/н | Атауы  | Өлш. бірлігі   | Тұтыну көлемі |
|-------|--|----------------|---------------|
| 1.    | Бөтелкеге құйылған ауыз су (19л)             | литр           | 8227,0        |
